BJRJNCJ
ÇЬL CЬƢUЬ

# PIONER

№ 6
IUN
1939 çьl.

Qazaƣьstan LKÇS Ortalьq Komitetjnjꞑ ʙalalar ycjn aiьna ʙjr сьƣarьp tūratьn kɵrkem-ədeʙiet çurnalь

Журнал „ПИОНЕР" орган ЦК ЛКСМК. 1-й год издания.

# YLKEN ÇOL

*QAÇKEI ÇAQЬPOV Qazaq SSR Ūlь Sovetjnjꞑ deputatь*

Menjm ʙjr çoldasьm ʙar, ol menen qacьq çerde tūradь, ʙjz ʙjr-aq ret kezdestjk. Bjraq, ʙūƣan qaramastan ekeumjzdjꞑ aramьzda naƣьz dostьq qatnas ʙar. Ol maƣan kɵp kɵmektestj: сьn mənjsjnde çūmьstь qalai jsteu kerek ekendjgjn aitьp, aqьl ʙerdj. Menjꞑ ʙūl çoldasьmdь Aleksei Staxanov dep ataidь.

1935 çьlь zaʙoicjk Aleksei Staxanov, ʙjr çolda-aq 12 zaʙoicjktjꞑ ɵndjretjn çūmьsьn jstedj degen qaʙardь gazetterden oqьƣanьm əlj esjmde. Men de ol kezde zaʙoicjk edjm, sondьqtanda mьnau qaʙar maƣan erekce əser ettj. Būl qalai, — deijm ɵzjme ɵzjm, ʙjr adam onekj adamnьꞑ jsteitjnjnen ʙjr çolda qalai arttьrьp jstei aladь eken? Onьꞑ ystjne, osьndai rekord çasaƣan adam da, ʙjz de, ʙərjmjzde ʙjr adamʙьz. Men gazet qaʙarьn (onda onьꞑ çūmьsьnьꞑ metodь çazьlƣan edj) oqьp сьqtьm da, çūmьstь tap sol qūsap jsteuge ʙel ʙailadьm. Gazettj qolьma ūstadьm da, caxtь ʙastьƣьna ʙarьp, ʙьlai dedjm:

— Men çūmьstь staxanovca jstegjm keledj.

Bjraq, caxtь ʙastьƣь gazet qaʙarьn əlj oqьƣan çoq eken.

— Staxanov degen kjm ɵzj? — dedj ol.

— Zaʙoicjk, — dedjm men, — ʙjr kynde 104 tonna kɵmjr qazьp сьƣarƣan.

Bastьq maƣan nanʙadь, „menj keleke qьp tūr" dep oiladь.

— Menjꞑ, — dedj ol, — qalçьꞑdasьp tūruƣa uaqьtьm çoq, çūmьsьm ʙar.



— Menjꞑ de, — dedjm — çūmьsьm ʙar. Sɵittjm de oƣan gazettj ūsьndьm.

Ol oqьp сьqtь da:

— Çaraidь, Çaqьpov, jstep ʙaiqa, mymkjn ʙjrdeme сьƣar.

Ertenjnde men zaʙoiƣa tystjm de, staxanovca jstei ʙastadьm. Maƣan tɵrt zaʙoidь ʙerdj. Mūnьꞑ az ʙolatьndьƣьn masterge aitьp em.

— Aldьmen jsteseicj osьnь, — dedj, master.

Osь tɵrt zaʙoidь men tɵrt saƣatta jstep сьqtьm.

— Taƣьda zaʙoi ʙer, — dedjm masterge.

Ol ʙesjncjnj daiarlap ʙerdj.

— Tegj, — dedj ol, — ʙūl aqьrƣь zaʙoi ʙolar.

Besjncjnj de ʙjtjrjp, altьncьƣa kjrjstjm. Endj çetjncjnj daiarlasьn dedjm. Çetjncjnj de jstep ʙjtjrdjm. Men osь kynj programmamdь 1175 protsent etjp orьndadьm.

Osьdan soꞑ jle-cala-aq Staxanov çoldasqa telegramma soqьp onь çarьsqa caqьrdьm. Ol toqtausьz-aq telegrammamen çauap ʙerjp, caqьrudь qaʙьl alatьnьn ʙjldjrdj. Bjzdjꞑ srogьmьz—10 kyn ʙolatьn ʙoldь. Ol kɵmjr qazьp сьƣaradь, men altьn kenjn сьƣaramьn. Bjraq, mūnьꞑ ecqandai ɵzgeceljgj çoq, ɵitkenj ʙjz programmanьꞑ orьndaluьn protsentpen esepteimjz.

Donʙastan ʙjzge komissia keldj. Donʙasqa ʙjz de ɵzjmjzdjꞑ uəkjljmjzdj çjʙerdjk. Arada 10 kyn ɵttj. 10 kynde jstelgen çūmьstьꞑ qortьndьsь сьƣarьldь. Men on kyndjk normamdь 1285 protsent orьndap, rekord çasappьn.

Kremlde ʙolƣan staxanovcьlardьꞑ Bykjlsoiuzdьq məçjljsjnde men Staxanovqa kezdestjm, onьmen tanьstьm.

Men oƣan ekjncj ret partianьꞑ XVIII siezjnde çolьqtьm. Bjraq, endj Aleksei Staxanov zaʙoicjk emes, Prom akademianьꞑ oqucьsь, SSSR Ūlь Sovetjnjꞑ deputatь, men de zaʙoicjk emespjn, audandьq atqaru komitetjnjꞑ predsedateljmjn, Qazaq SSR Ūlь Sovetjnjꞑ deputatьmьn. Demek, sodan ʙerj ne ʙarь ekj çьldai uaqьt ɵttj qoi. Mjne, ʙjzdjꞑ elde eꞑʙek degen osь! Mjne, sovet adamdarь qalai capcaꞑ ɵsedj.

Esep ʙerjp otьrƣan uaqьttьꞑ jcjnde partia 500 mьꞑnan astam ças ʙolcevikterdj memlekettjꞑ çana partianьꞑ ʙascь orьndarьna çoƣarьlatqanьn Stalin çoldas aitqanda, soꞑƣь çьldarь ɵmjr asqarlarьnan asqan men turalь, menjꞑ dostarьm turalь oilaisьꞑ.

# STALİNDJ TЬꞐDAƢANDA...

*I. D. PAPANIN Sovetter Soiuzьnьꞑ geroiь.*

Dəl 13 ai ʙūrьn men ɵzjmnjꞑ dnevnigjme (kyndeljktj çazatьn dəpter) ʙьlai dep çazƣan edjm: „Mūz qataiьp ʙaradь. Sonau kɵk çiekke deijn su kɵrjnʙeidj... Midai mūz dala seꞑsjz kɵcjp ʙaradь. Çenə ʙjzdjꞑ çaꞑa koordinantьmьzdь sanadьda:

—Taƣьda 10 mil çьlçьdьq... dedj. Krenkel Məskeu radiotranslətsiasьn tьꞑdadь; sinovtikter əue raiьnьꞑ çaqsaratьndьƣьn ʙjldjrdj“.

Men osьnь Kremldjꞑ ylken saraiьnda otьrьp eske tysjrdjm.

Kreml! Bjz ʙjr kezde kɵcpelj mūzda çyrgende onьꞑ saꞑqьldaƣan ynjn, Kreml ʙacnasьndaƣь saƣattьꞑ soqqanьn qandai əsermen tьꞑdadьq deseꞑjzcj.

Tjptj Kreml tu-tu qiьrda ʙolsьn, onьꞑ jcjndegjler ʙjzdj esjnen cьƣarmaidь, ʙjzdjꞑ qamьmьzdь çeidj dep oiladьq. Stalin çoldas ʙjzdjꞑ



kɵcpelj mūzdaƣь qozƣalьsьmьzdь ɵzj ʙaqьlap otьrƣanьn ʙjz ʙjldjk.

Mjne, ʙjzdjꞑ çyregjmjz ʙen çyregj ʙjrge soqqan Iosif Vissarionovictjꞑ ɵzj, ʙjzdjꞑ aldьmьzda, triʙunada tūr... Basqa delegattarmen ʙjrge men de orьnьmnan tūrdьm da, „ura“ dep aiƣailap, alaqanьmdь qattь-qattь capalaqtadьm. Bjr minut ɵttj, ekj minut ɵttj, ʙjraq ovatsia ʙəseꞑdemedj. Stalin triʙunaƣa syienjp, ʙjzge qarap, otьrularьꞑdь sūraimьn degendei ʙelgj kɵrsetjp tūr.

Stalin ūƣьmdь etjp sɵiledj. Ol ɵzjnjꞑ sɵzjnjꞑ naƣьz cьndьq ekenjn, sondьqtan oƣan ec qandai ʙoiaudьꞑ, əcekeidjꞑ kerek emes ekenjn ʙjledj. Bjz ʙarlьƣьmьz da demjmjzdj jcke tartьp, tьm-tьrs otьrmьz. Tərjzj Arktikanьꞑ en mūz dalasьnda ʙolatьn keidegj tьmьq kynderdjꞑ ɵzjnde de tap mьnau ekj mьꞑ kjsj otьrƣan keꞑ zaldaƣьdai çьmçьrt, tьm-tьrs ʙolƣan çoq.

Stalin Sovetter eljnjꞑ çeꞑjsj turalь, onьꞑ quatь men ūlьlьƣь turalь aittь, osь çeꞑjsterdjꞑ jcjnde titteide ʙolsa da ɵzjnjnjꞑ de qatьsqanьꞑdь, osь taʙьstardьꞑ jcjnde ɵzjꞑnjꞑ de titteide ʙolsa eꞑʙegjnjnjꞑ ʙar ekenjn sezu ne degen quanьc!

---

Q. BEKXOÇIN

# MƏSKEUGE SƏLEM

Al syijktj Məskeujm,
Ūrpaƣьꞑnan sələm qat.
Otandьq əue nūrьmen,
Qial calqьp, kɵꞑjl cat.

Quanьctьꞑ faʙrigj,
Keremettj Məskeu sen.
Çyregjme dərj alьp,
Kɵterjldj ças keudem.

Çanьmda ɵsken alma aƣac,
Çasьl torƣьn məuelj,
Cattьq ənjn sanduƣac,
Saladь çarьp əuenj.

Çjʙeremjn sələmge,
Ɵsken sūlu almasьn,
Alƣьs aitar maƣan da,
Dostar ʙjzdjꞑ alƣasьn.

Ɵsken gyldep Məskeude,
Ças dostarьm, sūlu ьm

Al silьqtь menen de
Kɵrsetem kɵꞑjl calqusьn.

Əitsede ʙarsьn ɵleꞑjm,
Elektrdjꞑ toƣьndai.
Etsjn təçjm aldьꞑa,
Taꞑƣь çūldьz toʙьndai.

Jcjnen sonьꞑ taʙьlar,
Əlem syigen ʙjr sɵzjm.
Çarqьratьp ol tūrar,
Kremldjꞑ kymʙezjn.

Maqtan ūlь Məskeujm,
Bas pilotьꞑ ol senjꞑ
Matorьꞑdь çyrgjzgen,
Ol — Stalin kɵsemjm.

Çarqьraidь nūrьmen,
Çaꞑa ɵmjrdjꞑ dyniesj.
Məskeu sende tūradь,
Quanьctьꞑ iesj.

Tapsьr, ʙjzdjꞑ sələmdj,
Çoldas Məskeu, al sen de,
Cьn sələmjm cattьqtьꞑ
Çjʙergen ūlь kɵsemge.

Çьrlaptь de ças aqьn,
Çyrek pen tjl qaqqandai.
Lapьldap cьqqan vulkandai,
Kɵterjp tastь atqandai.

Aittь de cattьq parьmen,
Tereꞑnen gauhar tartqandai,
Nemese syꞑgjp teꞑjzden,
Laƣūl-marçan tapqandai.

Çazьptь de ças aqьn,
Çyregjnjꞑ ʙalьmen,
Keudesjnde qainaƣan,
Mьꞑ gradus çalьnmen.

CƄNƄBEK KENÇEBAEV

# KƟRMEGE LAIQTƄ EKSPONATTAR ƏZJRLEIJK

Qƅzƅl astanamƅz — Məskeude 1939-çƅlƅ aƣūstƅꞑ 1-de aul caruacƅlƅƣƅnƅꞑ Bykjlsoiuzdƅq kɵrmesj acƅladƅ. Būl kɵrmenjꞑ maꞑƅzƅ ɵte zor. Bykjlsoiuzdƅq Kommunistjk (ʙolcevikter) partiasƅnƅꞑ XVIII siezjnde V. M. Molotov çoldas „Aul caruacƅlƅƣƅnƅꞑ Bykjlsoiuzdƅq kɵrmesjnjꞑ aul caruacƅlƅƣƅn ɵrkendetu ycjn ʙelgjlengen ʙykjl ʙjr programmasƅ ʙar. Būl kɵrme aul caruacƅlƅƣƅnƅꞑ aldƅꞑƣƅ qatarlƅlarƅn Bykjlsoiuzƣa tanƅtu jsjne, çūmƅstaƣƅ eꞑ çaqsƅ ylgj-ɵnegelerdj çūrtqa tanƅtƅp, çaiu jsjne qƅzmet etedj. Būl kɵrme kolxozdardƅꞑ, MTS tardƅꞑ, sovxozdardƅꞑ arasƅnda, audandardƅꞑ, oʙlƅstardƅꞑ, respuʙlikalardƅꞑ arasƅnda çarƅstƅ kyceitetjn ʙoluƣa tijs. Būl kɵrme aul caruacƅlƅƣƅnƅꞑ ʙūdan ʙƅlai da ɵrkendeujn, ycjncj ʙesçƅldƅq tapsƅrmalarƅnƅꞑ orƅndaluƅn ūiƅmdastƅruda ylken rɵl atqara-aladƅ, atqaruƣa tijstj de“ dedj. Mjne, ʙiƅlƣƅ acƅlatƅn aul caruacƅlƅq kɵrmesjnjꞑ maꞑƅzƅ osƅndai.

Stalindjk ʙesçƅldƅqtar jcjnde eljmjz ʙūrƅn ʙolƅp kɵrmegen kyrdelj taʙƅstarƣa ie ʙoldƅ. Sotsialistjk aul caruacƅlƅƣƅ çaꞑa, kyctj texnika men çaʙdƅqtalƅp, ɵsudjꞑ çedel qarqƅnƅna tystj. Kollektivtj caruacƅlƅq mƅzƣƅmastai ʙolƅp ʙekjp qalƅptastƅ. Mal caruacƅlƅƣƅ men egjn caruacƅlƅƣƅn ɵrkendetuden respuʙlikamƅzda əsjrese ekjncj ʙes çƅldƅqtƅꞑ soꞑƣƅ çƅldarƅnda zor çūmƅstar jsteldj. Partia men ykmetjmjz respuʙlikamƅzdƅꞑ kolxozdarƅ men sovxozdarƅnƅꞑ, aul caruacƅlƅƣƅnƅꞑ aldƅꞑƣƅ qatarlƅ adamdarƅnƅꞑ yzdjk çūmƅsƅn ʙaƣaladƅ. SSSR Ūlƅ Sovetj prezidiumƅnƅꞑ ukazƅ ʙoiƅnca ondaƣan adamdarƣa SSSR ordendarƅ nagradqa ʙerjldj. Gyldengen qazaq respuʙlikasƅnƅꞑ sotsialistjk aul caruacƅlƅƣƅnda qolƅ çetken orasan taʙƅstarƅn Bykjlsoiuzdƅq kɵrmede kɵrsetedj. Būl kɵrme sotsialistjk aul caruacƅlƅƣƅnƅꞑ asqan zor ūlƅ merekesj, ʙykjl sovet qalqƅnƅꞑ merekesj ʙoladƅ. Būl kɵrmede stalindjk kolxoz. sovxoz qūrlƅsƅnƅꞑ mƅzƣƅmas kycjn, kolxozdƅ carualardƅꞑ səndjsaltanattƅ ɵmjrjn ʙykjl çer çyzj kɵretjn ʙoladƅ.

Aul caruacƅlƅƣƅnƅꞑ Bykjlsoiuzdƅq kɵrmesjne sovet eljnjꞑ mektep ʙalalarƅmen pionerlerjnjꞑ de tamaca eꞑʙekterj kɵrsetjledj. Sovet ykmetj, ʙolcevikter partiasƅ ʙalalarƣa degen çaƣdaidƅꞑ ʙərjn çasap, olardƅꞑ ʙaqƅt cƅꞑƅna ɵrleuj ycjn ʙarlƅq mymkjncjljktj tuƣƅzƅp otƅr. Çaꞑa dynie — sotsializm dyniesj ʙalalardƅꞑ talantƅn tasƅtƅp, ruxani çjgerjn kɵterjp otƅr. Ɵitkenj, ʙjzdjꞑ otan — talanttardƅꞑ otanƅ, geroilƅqtƅꞑ, ɵsudjꞑ, eꞑʙektjꞑ tamaca mekteʙj. Sondƅqtan da, ʙjzdjꞑ ʙalalardƅꞑ kɵrmede kɵrsetetjn taʙƅsƅ da, çūrttƅ taꞑqaldƅratƅn ylgjsj men ɵnerj de ʙar. Sotsialistjk aul caruacƅlƅƣƅn ɵrkendetude tamaca ylgj kɵrsetken ʙalalar az ʙa?

Təçjkstannƅꞑ Mamləkətjn, ɵzjmjzdjꞑ Qazaƣƅstannƅꞑ ordendƅ Rozasƅn kjm ʙjlmeidj, olardƅꞑ sotsialistjk caruacƅlƅqtƅ ɵrkendetude sjꞑjrgen eꞑʙegjn kjm çasƅra aladƅ?

Bjzde ças tɵldj kytjp, onƅ aurudan, ɵljmnen aman saqtaƣan, attƅ, taƣƅ ʙasqa maldardƅ kytu jsjn cefke alƅp çyrgen oqucƅlar çoq emes. Onƅmen ʙjrge, egjnnjꞑ cƅƣƅmdƅlƅƣƅ ycjn kyresken, ziandƅ çəndjkterdj qūrtuƣa kɵmektesken, egjn çinau çūmƅsƅnda jstep, ylgj kɵrsetken pionerler, mektep oqucƅlarƅ ʙar. Aulda, derevnede mədeniet çūmƅsƅnƅꞑ kɵrkeiuj ycjn qƅzmet jstegen kɵrkem ɵnercj ʙalalar, aul caruacƅlƅƣƅnƅꞑ tyrlj macinalarƅnƅꞑ traktordƅꞑ, komʙainnƅꞑ, su arƅqtarƅnƅꞑ əueden dərj seʙetjn samolətterdjꞑ, aul caruacƅlƅƣƅnƅꞑ taƣƅ ʙasqa macinalarƅ men qūral-saimandarƅnƅꞑ tyrlj modelderjn çasap çyrgender çana suretcj, kestecj siaqtƅ ɵnerpazdarda ʙjzde az emes. Mjne, aul caruacƅlƅƣƅnƅꞑ Bykjlsoiuzdƅq kɵrmesjne osƅndai çūmƅstarda yzdjk cƅqqan mektep ʙalalarƅ men pionerler qatƅnasa aladƅ.

Kɵrme kandidatƅ — Aitçanov Beisemʙai (Aqsu audanƅndaƣƅ mekteptjꞑ IV klassƅnƅꞑ oqucƅsƅ) çoldastƅ alaiƅq. Ol 1934-çƅldan ɵz yijnjꞑ ças tɵlderjn kytedj. Sol çƅlƅ ykmet çərdemjnen alƣan ʙjr ʙūzaudƅ çaqsƅ kytjp aman saqtap, ʙiƅl 6 ʙasqa çetkjzdj. Biƅl onƅꞑ siƅrƅ 2 ʙūzau taptƅ. Būl ekj ʙūzaudƅ da Beisemʙai tamaq, çem ʙerjp ɵz kytjp çyr. Būzaunƅꞑ ekeuj de semjz — kyilj. Al, 1934 çƅlƅ çərdemnen alƣan ʙjr qoiƅ, kəzjr de 12 ʙasqa çettj.

Cƅnƅnda Beisemʙai çoldas mal kytudjꞑ ɵnerjne çetjldj, çƅl saiƅn ʙūzauƅ men qozƅlarƅn çaqsƅ kytjp ʙasqalarƣa ylgj ʙola ʙjldj. Eger, ʙjz osƅ siaqtƅ ylgjlj ʙalalardƅ kɵrmege kɵʙjrek ūsƅnsaq, onda ol ʙjzdjꞑ komsomol ūiƅmdarƅ, oqu orƅndarƅ ycjn ylken aʙroi ʙolƣan ʙolar edj.

Jstjꞑ tyijnj kɵrmege kanditattardƅ ūsƅnuda ƣana emes. Pionerler men mektep ʙalalarƅ arasƅnda sotsialistjk çarƅstƅ keꞑjnen ɵrjstetu, kɵrmenjꞑ acƅluƅ kynjne deijn ʙalalardƅꞑ çaqsƅ, ylgjlj çūmƅstarƅn ʙalandƅ etjp, damƅta ʙeru. Biƅlƣƅ kɵrme taʙiƣattƅ çappai zertteu qozƣalƅsƅnƅꞑ ʙalalar arasƅnda keꞑjnen ɵrjsteujne, ʙalalardƅꞑ sotsialistjk qūrƅlƅs jsjne ʙelsene qatƅnasularƅna kɵmek ʙeretjn, cƅn mənjsjnde cecucj kyc ʙolƅp esepteledj. Əꞑgjme ʙalalarƣa osƅ çaƣdaidƅ tysjndjre ʙjlude.

Komsomol ūiƅmƅnƅꞑ, mektep ʙalalarƅnƅꞑ çauaptƅ mjndetjnjꞑ ʙjrj — aul caruacƅlƅƣƅnƅꞑ Bykjlsoiuzdƅq kɵrmesjnjꞑ saiasi maꞑƅzƅn, ʙūl çɵndegj mjndetterdj ʙūqaraƣa tysjndjruge kɵmektesu; kɵrme aldƅnda ɵrjstegen sotsialistjk çarƅstƅ Stalindjk Ycjncj Besçƅldƅq atƅndaƣƅ sotsialistjk çarƅspen ūctastƅruda aldƅꞑƣƅ qatarda ʙolu.

Aul caruacƅlƅƣƅnƅꞑ Bykjlsoiuzdƅq kɵrmesj tek 1939 çƅlƅ emes, 1940 çƅlƣa da sozƅladƅ. Būl çaƣdai ʙiƅlƣƅ kɵrmege qatƅnasa almaƣandardƅꞑ kelesj çƅlƣƅ kɵrmege qatƅnasularƅna mymkjndjk ʙeredj. Sondƅqtan, mektep ʙalalarƅ men pionerlerdjꞑ 1940 çƅlƣƅ kɵrmege qatƅnasuƅna osƅ ʙastan əzjrlenujn ūiƅmdastƅruƅmƅz kerek. Eꞑ aldƅmen ʙūl çɵnde ʙalalardƅꞑ arasƅnda tysjnjk çūmƅstarƅn çyrgjzjp, olardƅꞑ kɵrmege ƅlaiƅqtƅ eksponattar əzjrleujne kɵmektesu kerek.

Aul caruacƅlƅƣƅnƅꞑ Bykjlsoiuzdƅq kɵrmesj aldƅnda ʙalalar arasƅnda sotsialistjk çarƅs tuƅn çoƣarƅ kɵtereijk, kɵrmede taꞑdaulƅ orƅn alu ycjn kyreseijk!

Pionerler, mekteptjꞑ oqucƅlarƅ! Sjzder ʙykjl qalqƅmƅzdƅꞑ, ʙaqƅttƅ ɵmjr çasap ʙergen ūlƅ Stalinnjꞑ aldƅnda ɵzderjꞑjzdjꞑ ɵnerlerjꞑjzdj, patriottƅq jsterjꞑjzdj kɵrsetjꞑjzder!

# KØRMEDE NENJ KØREMJZ

Osь çьldьņ 1-aqūsьnda Məskeude acьlatьn Bykjlsoiuzdьq aul caruacьlьq kørmesjnen вykjl sovet qalqь, вykjl əlem sotsializm eljnjņ sotsialistjk aul caruacьlьqьnьņ qalai qūlpьrьp øskendjgjn køredj. Taza sorttь astьq, asьl tūqьmdь mal, gyldengen вau, вjrjncj klastь texnika, øsken øner, ørkendegen el, talanttь adam, taqь вasqalardь køredj. Lenin-Stalin partiasьnьņ вascьlьqь arqasьnda вjzdjņ otanьmьz aul-caruacьlьqьnan вykjl çer çyzjnde ecвjr tenj çoq eņ quattь, eņ jrj elge ainaldь. Mūnь əlem køzвen køredj. Вūqan вjzdjņ dostarьmьz quanadь, dūspandarьmьz kyijnedj. Вjzdjņ otanьmьzdьņ daņqь, aвroiь, quatь arta вeredj.



Surette. Soldan oņqa qarai (çoqarьdaqь) Bykjlsoiuzdьq aul caruacьlьq kørmesjnjņ ças kandidatь—«Beinetqor» kolxozьndaqь mekteptjņ (Ar.s audanь, Ontystjk Qazaqьstaņ oвlьsь) oqu otlicnigj, 1938 çьlqь вjr mausьmda 5547 kilogramma maqta tergen Zūltai Bəimenova çoldas.

Bykjlsoiuzdьq aul caruacьlьq kørmesjne qoiьlqan kolxoz gidrostansiasьnьņ вjr kørjnjsj.

Tømengj qatardaqь (soldan oņqa qarai): Mexanizatsia pavilionьnьņ qūrьlьsь.

Kørmege qoiьlqan kolxozcь qьzdьņ skulpturasь.

(Suret QazTaG pen TASS nьkj)

V. V. Kuibьcevtiꞑ tuƣanьna 51 çьl

# ALƢACQЬ ADЬM[1]

V. V. KUIBЬCEV

Məsele 1905 çьlь Peterʙurgta ʙoldь. Menjꞑ 16 çastaƣь kezjm. Çaꞑa da ƣana əskeri — meditsina akademiasьna kjrgenmjn. Çasьrьn ədeʙietterdj çer-çerge taratьp tūramьn, ol kezde menjꞑ sotsial-demokrat ūiьmьnda jsteitjn jsjmnjꞑ negjzj osь edj. Būdan ʙasqa, qalanьꞑ Finləndiə çaƣьndaƣь ʙjr çūmьscьnьꞑ pəterjne Finləndiədan kelgen ʙjr çəcjk ʙomʙьnь qaʙьldau, onь ortalьq skladqa alьp ʙaru maƣan tapsьrьldь, skladtan ʙūl ʙomʙьlar çan çaqqa taratьlmaqcь. Əsjrese, mūnьꞑ kɵpcjljgj Məskeude ʙolatьn dekaʙr kɵterjljsjn qūraldandьruƣa çūmsalmaq.

Men aitaiьn dep otьrƣan oqiƣa 1905 çьldьꞑ noiaʙr aiьnda kenetten ʙolƣan edj. Bjr kynj kecke taman Agata Iakovleva ekeumjz ʙomʙь keltjrjlgen çūmьscьnьꞑ yijne qarai çɵneldjk. Bjz alьp ketuge tijstj ʙomʙьlar ekj ūzьn çəcjkte eken.

Bjz çəcjktj acьp, ʙomʙьlardь qoinь-qoncьmьzƣa tьƣьp aluƣa ūiƣardьq; Iakovleva ekeumjzdjꞑ qaltalarьmьz ʙen ʙeljmjzge ʙjr çəcjk ʙomʙьnь siƣьzdьq. Ekjncj çəcjktegj ʙomʙьnь ʙɵlcektep orap aldьq, qalƣanьn men ɵzjmnjꞑ ylken portfeljme tьƣьp aldьm.

Bjz edəujr çuantьqtalьp pəterden cьqtьq. Portfel tьm aur. Pəter qalanьꞑ cetjnde, qalqь az pereulokte, ortalьq kɵcege çetkence ʙjzge kɵp çyruge tura keldj. Kɵce ʙoilap kele çatьp, artьmьzdan çirma qadamdai çerde nadzirateldjꞑ kele çatqanьn sezdjm. Mūnьꞑ artьmьzdan aꞑdьp pa, ia ʙolmasa çəi kele çatqan adam ʙa, osьnь ʙjlu ycjn ʙjz ʙasqa pereulokpen çyrjp edjk, çaꞑaƣь adam taƣьda soꞑьmьzdan kele çatьr eken, portfeldegj ʙomʙa men orap alƣan ʙomʙlar qolьmdь taldьrdь. Əitkenmen ʙjr qoldan ekjncj qolƣa ūstau kydjktj ʙolatьn ʙoldь, ɵitkenj portfeldjꞑ aurlьƣь sezjljp qaluь mymkjn. Bjz endj oƣan tyrlj qьr kɵrsete ʙastadьq. Basqa pereulokpen çyrdjk — nadziratel taƣь da artьmьzdan keledj eken, sьp ʙerjp ʙasqa pereulokke tystjk, ol taƣь da ʙjzdjꞑ jzjmjzʙen keledj. Bjzdjꞑ zьƣьmьz kete ʙastadь: keudenj ʙasьp, ьiqtь, qoldь taldьrьp, əlsjretjp tūrƣan çyk penen jlgerj çyruge cama kelmeitjn ʙoldь. Al, alda-çalda qoldaƣь portfeldj çerge tastap çjʙersek, onьꞑ çarьluь mymkjn de, apatqa ūcьraitьndьƣьmьz dausьz. Qora torьƣan ūrьdai ʙaqьlap kele çatqan nadziratel taʙanda-aq ūstauь səzsjz. Əlden uaqьtta artьma çalt qarap edjm nadziratel ʙūrьctaƣь ʙjr yige kjrjp ketkenjn ʙaiqadьm. Onьꞑ ʙjzge kezdei soq kezdeskenj endj aꞑьqtaldь... Bjzden oncaqtь qadam çer de, pereulokpen ketjp ʙara çatqan izvozciktj kɵrdjm de, onь caqьrdьm. Adrestj aittьm, otьrьp çyrjp kettjk. Ьnƣailь ʙolƣan çaƣdai menj quandьrdь. Bjraq, qasьmdaƣь əieldjꞑ tysj ʙūzьlьp ketkenjn ʙaiqadьm, nege ʙūlai ekenjn sūrap edjm:

— Ne jstegendjgjꞑjzdj ʙjlesjz ʙe? — dedj ol.

— Ecnərsege de tysjnʙeimjn, — dep oƣan tesjle qaradьm.

— Sjz jstjꞑ ʙarlьƣьn ʙyldjrdjꞑjz ƣoi — dedj ol yreilengendei, — skladtьꞑ adresjn daubstap aitьꞑьz, al nadziratel ʙjzdjꞑ soꞑьmьzdan kele çatqanьn ʙjldjrmeu ycjn ƣana mьnau yige kjrdj. O' ʙarjnde estjdj, endj oƣan ʙjzdjꞑ artьmьzdan quudьꞑ da keregj çoq, ɵitkenj ʙjzdjꞑ qaida ʙaratьnьmьzdь ʙjledj. Būl turalь tijstj orьnƣa telefonmen qaʙarlandьradь, endj çalƣьz ʙjz emes sklad ta qūridь.

Jstjꞑ qaterljljgj, nadzirateldjꞑ soꞑьmьzƣa tysjp çoq ʙoluь, qas qaraiьp ьmьrt çaʙьluь, menj aʙьrçьttь. Əieldjꞑ aitqanь maƣan dūrьs sьqьldь kɵrjndj, men oƣan: „Kəne, endece, kɵrsetjlgen adreske ʙomʙьnь alьp ʙarmaiьq“ dedjm. Bjraq, Iakovleva ʙūƣan kɵnʙedj. Men skladtьꞑ adresjn aitьp qoiƣannan keijn ʙərj ʙjr sklad apat ʙoladь, onda jsteitjn çoldastar da apatqa ūcьraidь çana olarmen ʙjrge ʙjz de qūrimьz. Menen ʙolƣan xəterdjꞑ sūmdьƣь turalь Agata çolʙoiь qaita-qaita aitьp keledj, ʙūl menj ʙūrьnƣьdan ʙeter qьnçьlttь.

— Esjꞑjzde ʙolsьn, men onçetj çasta ƣanamьn. Çasьrьn jster men podpolialьq kyreste men əlj cьnьqqanьm çoq deijm oƣan.

Iakovleva menen ylken edj, al onьꞑ aitqandarьnьꞑ ʙərjn de men ylken təçjriʙeljkke, ylken konspirativtjk praktikaƣa sanadьm. Ɵte aur çaʙьrqaumen ortalьq sklad tūrƣan pəterge keldjk. Mūndaƣь çoldas tjrj, ziandanʙaƣan da, ɵte quanьcta eken, ʙūl çaƣdai menj serpjltjp tastadь, Agata Iakovlevanьꞑ sarь uaiьmƣa salьnьp, kynj ʙūrьn aitqandarь ol kjsjnjꞑ kylkjsjn keltjrdj. Qaru-çaraqtь qaʙьldap alƣansoꞑ, ol quanьctь pjcjnmen çairaꞑ qaƣьp, ʙjzdj pəterjnen cьƣarьp saldь. Qaqpadan cьƣьp kele çatьp, aur zjlden qūtьlьp, ʙoiьm sergjp, çadьraƣanьmdь sezdjm. Baƣanaƣь yreidj ɵzjmjz çasap alƣan ekenʙjz, ecnərse de ʙolƣan çoq, ʙjraq... Agata ʙasqaca oiladь. Onьmen ʙjrge men izvozciktjꞑ kɵljgjne mjnjp kele çatьrmьz, çol ʙoiь ʙjz izvozciktj çaldaƣan Marinski



1 „Ɵmjrjmnjꞑ epizodtarь“ — degen kjtaʙьnan yzjndj.

# KӨRMEDE NENJ KӨREMJZ

Osь çьldьŋ 1-aqūsьnda Mөskeude acьlatьn Bykjlsoiuzdьq aul caruacьlьq kөrmesjnen вykjl sovet qalqь, вykjl әlem sotsializm eljnjŋ sotsialistjk aul caruacьlьqьnьŋ qalai qūlpьrьp өskendjgjn kөredj. Taza sorttь astьq, asьl tūqьmdь mal, gyldengen вau, вjrjncj klastь texnika, өsken өner, өrkendegen el, talanttь adam, taqь вasqalardь kөredj. Lenin-Stalin partiasьnьŋ вascьlьqь arqasьnda вjzdjŋ otanьmьz aul-caruacьlьqьnan вykjl çer çyzjnde ecвjr tenj çoq eŋ quattь, eŋ jrj elge ainaldь. Mūnь әlem kөzвen kөredj. Būqan вjzdjŋ dostarьmьz quanadь, dūspandarьmьz kyijnedj. Bjzdjŋ otanьmьzdьŋ daŋqь, aвroiь, quatь arta вeredj.



Surette. Soldan oŋqa qarai (çoqarьdaqь) Bykjlsoiuzdьq aul caruacьlьq kөrmesjnjŋ ças kandidatь—«Beinetqor» kolxozьndaqь mekteptjŋ (Arьs audanь, Oŋtystjk Qazaqьstan oвlьsь) oqu otlicnjgj, 1938 çьlqь вjr mausьmda 5547 kilogramma maqta tergen Zūltai Bajmenova çoldas.

Bykjlsoiuzdьq aul caruacьlьq kөrmesjne qoiьlqan kolxoz gidrostansiasьnьŋ вjr kөrjnjsj.

Tөmengj qatardaqь (soldan oŋqa qarai): Mexanizatsia pavilionьnьŋ qūrьlьsь.

Kөrmege qoiьlqan kolxozcь qьzdьŋ skulpturasь.

(Suret QazTaG pen TASS nьkj)

# ALƢACQЬ ADЬM[1]

V. V. KUIBЬCEV

Məsele 1905 çьl Peterʙurgta ʙoldь. Menjꞑ 16 çastaƣь kezjm. Çaꞑa da ƣana əskeri — meditsina akademiasьna kjrgenmjn. Çasьrьn ədeʙietterdj çer-çerge taratьp tūramьn, ol kezde menjꞑ sotsial-demokrat ūlьmьnda jsteitjn jsjmnjꞑ negjzj osь edj. Būdan ʙasqa, qalanьꞑ Finləndiə çaƣьndaƣь ʙjr çūmьscьnьꞑ pəterjne Finləndiədan kelgen ʙjr çəcjk ʙomʙьnь qaʙьldau, onь ortalьq skladqa alьp ʙaru maƣan tapsьrьldь, skladtan ʙūl ʙomʙьlar çan çaqqa taratьlmaqcь. Əsjrese, mūnьꞑ kɵpcjljgj Məskeude ʙolatьn dekaʙr kɵterjljsjn qūraldandьruƣa çūmsalmaq.

Men aitaьn dep otьrƣan oqiƣa 1905 çьldьꞑ noiaʙr aьnda kenetten ʙolƣan edj. Bjr kynj kecke taman Agata Iakovleva ekeumjz ʙomʙь keltjrjlgen çūmьscьnьꞑ yijne qarai çɵneldjk. Bjz alьp ketuge tijstj ʙomʙьlar ekj ūzьn çəcjkte eken.



Bjz çəcjktj acьp, ʙomʙьlardь qoinь-qoncьmьzƣa tьƣьp aluƣa ūiƣardьq; Iakovleva ekeumjzdjꞑ qaltalarьmьz ʙen ʙeljmjzge ʙjr çəcjk ʙomʙьnь siƣьzdьq. Ekjncj çəcjktegj ʙomʙьnь ʙɵlcektep orap aldьq, qalƣanьn men ɵzjmnjꞑ ylken portfeljme tьƣьp aldьm.

Bjz edəujr çuantьqtalьp pəterden cьqtьq. Portfel tьm aur. Pəter qalanьꞑ cetjnde, qalqь az pereulokte, ortalьq kɵcege çetkence ʙjzge kɵp çyruge tura keldj. Kɵce ʙoilap kele çatьp, artьmьzdan çirma qadamdai çerde nadzirateldjꞑ kele çatqanьn sezdjm. Mūnьꞑ artьmьzdan aꞑdьp pa, ia ʙolmasa çəi kele çatqan adam ʙa, osьnь ʙjlu ycjn ʙjz ʙasqa pereulokpen çyrjp edjk, çaꞑaƣь adam taƣьda soꞑьmьzdan kele çatьr eken, portfeldegj ʙomʙa men orap alƣan ʙomʙlar qolьmdь taldьrdь. Əitkenmen ʙjr qoldan ekjncj qolƣa ūstau kydjktj ʙolatьn ʙoldь, ɵitkenj portfeldjꞑ aurlьƣь sezjljp qaluь mymkjn. Bjz endj oƣan tyrlj qьr kɵrsete ʙastadьq. Basqa pereulokpen çyrdjk — nadziratel taƣь da artьmьzdan keledj eken, sьp ʙerjp ʙasqa pereulokke tystjk, ol taƣь da ʙjzdjꞑ jzjmjzʙen keledj. Bjzdjꞑ zьqьmьz kete ʙastadь: keudenj ʙasьp, ьiqtь, qoldь taldьrьp, əlsjretjp tūrƣan çyk penen jlgerj çyruge cama kelmeitjn ʙoldь. Al, alda-çalda qoldaƣь portfeldj çerge tastap çjʙersek, onьꞑ çarьluь mymkjn de, apatqa ūcьraitьndьƣьmьz dausьz. Qora torьƣan ūrьdai ʙaqьlap kele çatqan nadziratel taʙanda-aq ūstauь səzsjz. Əlden uaqьtta artьma çalt qarap edjm nadziratel ʙūrьctaƣь ʙjr yige kjrjp ketkenjn ʙaiqadьm. Onьꞑ ʙjzge kezdei soq kezdeskenj endj anьqtaldь... Bjzden oncaqtь qadam çer de, pereulokpen ketjp ʙara çatqan izvozciktj kɵrdjm de, onь caqьrdьm. Adrestj aittьm, otьrьp çyrjp kettjk. Ьnƣailь ʙolƣan çaƣdai menj quandьrdь. Bjraq, qasьmdaƣь əieldjꞑ tysj ʙūzьlьp ketkenjn ʙaiqadьm, nege ʙūlai ekenjn sūrap edjm:

— Ne jstegendjgjꞑjzdj ʙjlesjz ʙe? — dedj ol.

— Ecnərsege de tysjnʙeimjn, — dep oƣan tesjle qaradьm.

— Sjz jstjꞑ ʙarlьƣьn ʙyldjrdjꞑjz qoi — dedj ol yreilengendei, — skladtьꞑ adresjn dauьstap aittьꞑьz, al nadziratel ʙjzdjꞑ soꞑьmьzdan kele çatqanьn ʙjldjrmeu ycjn ƣana mьnau yige kjrdj. O' ʙərjnde estjdj, endj oƣan ʙjzdjꞑ artьmьzdan quudьꞑ da keregj çoq, ɵitkenj ʙjzdjꞑ qaida ʙaratьnьmьzdь ʙjledj. Būl turalь tijstj orьnƣa telefonmen qaʙarlandьradь, endj çalƣьz ʙjz emes sklad ta qūridь.

Jstjꞑ qaterljljgj, nadzirateldjꞑ soꞑьmьzƣa tysjp çoq ʙoluь, qas qaraiьp ьmьrt çaʙьluь, menj aʙьrçьttь. Əieldjꞑ aitqanь maƣan dūrьs sьqьldь kɵrjndj, men oƣan: „Kəne, endece, kɵrsetjlgen adreske ʙomʙьnь alьp ʙarmaiьq“ dedjm. Bjraq, Iakovleva ʙūƣan kɵnʙedj. Men skladtьꞑ adresjn aitьp qoiƣannan keijn ʙərj ʙjr sklad apat ʙoladь, onda jsteitjn çoldastar da apatqa ūcьraidь çana olarmen ʙjrge ʙjz de qūrimьz. Menen ʙolƣan xəterdjꞑ sūmdьƣь turalь Agata çolʙoiь qaita-qaita aitьp keledj, ʙūl menj ʙūrьnƣьdan ʙeter qьnçьlttь.

— Esjꞑjzde ʙolsьn, men onçetj çasta ƣanamьn. Çasьrьn jster men podpolialьq kyreste men əlj cьnьqqanьm çoq deijm oƣan.

Iakovleva menen ylken edj, al onьꞑ aitqandarьnьꞑ ʙərjn de men ylken təçjriʙeljkke, ylken konspirativtjk praktikaƣa sanadьm. Ɵte aur çaʙьrqaumen ortalьq sklad tūrƣan pəterge keldjk. Mūndaƣь çoldas tjrj, ziandanʙaƣan da, ɵte quanьcta eken, ʙūl çaƣdai menj serpjltjp tastadь, Agata Iakovlevanьꞑ sarь uaiьmƣa salьnьp, kynj ʙūrьn aitqandarь ol kjsjnjꞑ kylkjsjn keltjrdj. Qaru-çaraqtь qaʙьldap alƣansoꞑ, ol quanьctь pjcjnmen çairaꞑ qaƣьp, ʙjzdj pəterjnen cьƣarьp saldь. Qaqpadan cьƣьp kele çatьp, aur zjlden qūtьlьp, ʙoiьm sergjp, çadьraƣanьmdь sezdjm. Baƣanaƣь yreidj ɵzjmjz çasap alƣan ekenʙjz, ecnərse de ʙolƣan çoq, ʙjraq... Agata ʙasqaca oiladь. Onьmen ʙjrge men izvozciktjꞑ kɵljgjne mjnjp kele çatьrmьz, çol ʙoiь ʙjz izvozciktj çaldaƣan Marinski

[1] „Ɵmjrjmnjꞑ epizodtarь“ — degen kjtaʙьnan yzjndj.

feljmdj вerdjm,ol maqan „pəterjne вarmai, çasьrьn"—dep aqьl вerdj. Bjraq, menj carcaqandьq kenetten вilep əkettj, jstjŋ вūlai emestjgj çenjnde sanamnьŋ tereŋ tykpjrjnjŋ вjr çerjnde kyŋgjrt oi çattь. Men oqan ne вolsa da yige вaramьn dedjm. Menjŋ qataŋ tyrde ūiqaruьmdь kergen Agata qarsьlьq вjldjrmedj, eger men tūtqьndalmaqan вolsam, kelesj kynj onьŋ yijne вaruqa, al eger menj tūtqьndaqan вolsa, вjr az uaqьttan soŋ menjmen amandasuqa tyrmege kelmekcj вoldь, osьlaica keljstjk.

Men Vьiвorg çaqqa keljp, çoldastь menjŋ pəterjme kelme dep eskerttjm, seitjp yige qaittьm. Yige kjrdjm — ecqandai da qorcaqan adamdar kerjnвeidj. Pəterge zvonok вerdjm, yi iesj əiel вūrьnqьsьnca esjktj actь, asьqьp taвan çerde as yige çeneldj, men kelgende, ol anda-sanda osьlai etetjn edj. Belmege kjrdjm — вərj de orьnca tūr. Çəciktj actьm — ədeвietter tūr. Taŋ ertengj saqat toqьz; kyn səulesj terezege quanьctь nūrьn cactь. Men вelmenjŋ ortasьnda tūrmьn, ne ekenjne kezjm çetken çoq. Tynj вoiь вet aldь əure-sarsaŋ вolqanьmьzqa men kenetten qattь qattь kyljp çjвere çazdadьm. Krovatqa qūlai ketjp, tiьc ūiqьqa kjrjstjm, tjptj osь вolqan вarlьq jstjŋ tyijnjn aqьtuqa da oilanвadьm. Kynj вoiь ūiьqtadьm, kecke qana yi iesj əielden eptep sez sūrai вastadьm. Menjŋ вelmemde вjr qьz вolqanьn, yi iesj əiel ol qьzdan yiden cьqudь sūraqanьn, al qьzdьŋ yiden ketuden вas tartqanьn, sondьqtan ol qьzdь yiden cьqaruqa çərdem kytjp politsiaqa вarqandьqьn aittь. Kele çatьp kezdesken politsia adamьnьŋ yij, men tūratьn yidjŋ ystjndegj etaçda eken, əielge çərdem etuden вas tartadь. Əiel yijne qaitьp kelse, qьz çoq, menjŋ nərselerjmnen qьz ūrlap kettjme dep mazasь ketedj. Sonda men əielge вьlai dedjm:

— Sjzdjŋ politsia adamьmen kele çatqanьŋьz qaida!

Menjŋ вūl turalь вjletjndjgjme əiel əçeptəujr taŋьrqadь.

— Ia, — dedj əiel, — men onьmen вjrge lestnitsamen çyrdjm, qьzdь ketjru ycjn pəterjme kjrujn sūradьm, вjraq ol ezjnjŋ yijne kettj, eitkenj ekj etaçdan çoqarьda tūradь eken, вjzdjŋ pəterge kjruden вas tarttь.

Tyrlj jsterden qolьm вosamadь. Iakovlevanьŋ yijne вarqanьm çoq. Sol masqara — kylkj tynnen keijn on kyn etkensoŋ qana men Iakovlevaqa çeneldjm. Esjgjn qaqьp edjm, esjktj acqan Agata emes, tjptj вasqa вjr əiel eken, kezj cyŋjreigen, ūrtь sualqan, вet açarь solqan, вet əlpetjnde aur yreilengendjktjŋ jzj вar. Būl əiel menj вasqa вjr dynienjŋ adamь sьqьldь kerdj.

— Sjzdj kjm вosattь?

Men kyldjm de, tūtqьndalmaqanqьmdь aittьm. Onьŋ çəвjrlengendjgj soncalьq, oncaqtь kyndei вarlьq tyrmelerge вarqandьqьn, mūnda tūtqьn Kuiвьcev çoq pa dep sūraqandьqьn, — aittь. Mūndai adam çoq, mymkjn ol, çandarьm upravleniesjnde cьqar dep çauap вergen. Əiel вarlьq tyrmelerdj aralap, вygjn taŋ erteŋ çandarьm upravleniesjne вarьp, menjŋ ne вolqanьmdь вjluge əzjrlenjp çatьr eken. Menjŋ kelujmnjŋ ete sətj вoldь, eitkenj Agata çandarьm upravleniesjne вarsa menjŋ tūtqьndaluьm ezjnen-ezj anьq edj.

Audarqan:

**Dəukenov K.**

---



Astana çastarь endjrjsten qol yzвesten Alma-Ata aeroklūвьnda letciktjk texnikanь yirenude.

Surette: Pilot gruppasьnьŋ kursantь, oqьtucьlar institutьnьŋ studentkasь, komsomolka K. Pirogova men qūrьlьs texnikumьnьŋ studentj komsomolets A. Stafaev ekeuj samolettjŋ motorьn qarap otьr.

*A.S.Puckinnjꞑ tuƣanьna 140 çьl.*

# A. S. PUCKIN

(1799—1939)



Orьstьꞑ ūlь aqьnь Aleksandr Sergeevic Puckin 1799 çьlь Məskeude tudь. Aqьnnьꞑ ata tegj eskjljktj dvorən tūqьmьnan. Atalarь erte kezde, өz tūsьnda kөrnektj qьzmet atqarьp, kjsjjk qūrsa da, aqьnnьꞑ tuar qarsaꞑьnda çydeu tartqan.

Aqьnnьꞑ cecesj Nadeçda Osipovna aʙissindьq Ьʙrahim, iaƣni Aʙram Petrovic Ganniʙaldьꞑ nemere qьzь edj. Ol Ganniʙaldь I-Petr tərʙielegen edj.

Puckindj orьs dəstjrjnde ьqtiattь tərʙielegender: naƣacь cecesj — Maria Alekseevna Ganniʙal; aqьn ʙūl kjsjden orьs tjljn yirengen, çana өz tūqьmьnьꞑ tarixьmen tanьsqan, eskjljktj əngjmelerdj yirengen; aqьnnьꞑ tərʙiesjne өte-mөte eꞑʙegj sjꞑgender—krepostnoi carualardan Nikita Timofeevic Kozlov pen Arina Radionovna edj. Radionovna aqьnƣa nənə ʙolƣan adam. Ol kjsj aqьnƣa qьzьq ertekter aitьp, өz ʙalasьndai məpeleitjn. Aqьn, Radionovnaƣa: „Sen maƣan nənə emessjn, cecesjn“ deidj eken.

Sөitjp, Puckin çasьnan fransuz ədeʙietjmen tanьssa, sonьmen qatar Radionovna arqьlь orьs qalqьnьꞑ auz ədeʙietjmen tanьsqan.

1811 çьl Puckin Tsarskoe selodaƣь Litseige oquƣa kjredj. Būl dvorən ʙalalarьnan çauaptь qьzmetkerler daiarlaitьn mektep edj. Oqucьlardь patca ykmetjnjꞑ degenjnce tərʙieleu ycjn mektepten tьs ec qaida cьƣarmai, kөpcjljkpen aralastьrmai, qatal tərtjpte ūstaƣan. Sondьqtan, Litseidegj oqьtucьlardьꞑ kөʙj patca nietjndegj eskjcjl adamdar ʙolƣan. Alaida, oqucьlarƣa tolьq ʙjljm, dūrьs tərʙie ʙerudj çaqtaƣan oqьtucьlar da ʙolƣan. Olar: A. P. Kunitsьn, A. I. Galic, D. I. De-Budri siaqtьlar. Būlar Puckinnjꞑ tərʙiesjne ylken əser ettj.

1815 çьlь 9-ianvarda emtiqan ʙolqanda Puckin өzjnjꞑ „Tsarskoe selodaƣь ertegjler“ degen өleꞑjn oqidь. Emtiqandь ʙaiqauƣa qart aqьn Derçavin de kelgen edj. Puckinnjꞑ ol өleꞑj çūrttь taꞑьrqattь. Өleꞑjne syisjnjp, Derçavin Puckindj caqьrьp, qūcaqtap syimekcj ʙoladь. Qart Derçavinnjꞑ ūnatqanьna qoctanьp quanьcpen lepjrgen çyregjn toqtata almai, Puckin cьƣa çөneljptj.

Litseidj ʙjtjrgen soꞑ, Puckin Peterʙurƣa keldj. Būl kezde dekaʙristerdjꞑ çasьrьn ūiьmdarь qūrala ʙastaƣan edj. Puckinnjꞑ Kuxelʙekerlermen dostьƣь ʙūrьnƣьdan da kycele tysjp, çastar arasьnda dekaʙristerdjꞑ pjkjrjn taratu ycjn ūiьmdastьrьlƣan „Zelonaia Lampa“ attь ədeʙiet ūiьmьna kjredj. Patca ykmetjne cancu ʙop tietjn „Bostandьq“ (1817), „Caadaevqa“ (1818), „Derevne“ (1819) өleꞑderjn çazadь çana patca men əkjmderdj, ykmet pen djndj əckerelegen əldenece ūsaq, өtkjr өleꞑderjn—epigrammalarьn çazadь.

1820 çьlь „Ruslan men Liudmila“ degen tūꞑƣьc poəmasьn çazьp ʙjtjredj. Būl cьƣarmasь qalqqa syikjmdj, ūqьmdь, ūnamdь tjlmen ceʙer çazьlƣandьqtan Puckinnjꞑ aʙьroiьn, aqьndьq daꞑqьn, qalqqa syikimdjljgjn ʙūrьnƣьdan da arttьrdь.

Adamgercjljktjꞑ çьrcьsь, ʙostandьqtьꞑ çьrcьsь ʙolƣan aqьndь, patca ykmetj syimedj, qudalai ʙastadь. Tezjnen, ia Sjʙjrge, ia Solovkege çer audarmaq ʙoldь. Puckinnjꞑ dostarь Karamzin men Çukovskidjꞑ syiemeldeujmen patcanьꞑ qatal əmjrj çūmsaꞑqьrap, Puckindj 1820-çьl Rescidjꞑ oꞑtystjgjndegj Ekaterinoslav qalasьna çer audaradь. Osьdan ʙьlai patca ykmetj Puckindj өle-өlgence qudalaumen ʙoladь.

1834 çьldan ʙьlai, patca Puckindj kamer-iunker dəreçelj sarai qьzmetjne qoidь. Būl qьzmet Puckinge tьm qolaisьz qьzmet edj. Patca Puckindj өz tөꞑjregjne qьzmetke qoiьp, onь sūm çendetterjne qorlatudь, masqaralaudь kөzdegen edj. Patcanьꞑ çendetterj Puckin turalь nece tyrlj өtrjk өsekter taratьp, çanьn ulandьrdь. Çyregjn çaralaƣan өtrjk өsekke qorlanьp, qūsa ʙolƣan aialь aqьn, patcanьꞑ syijktj kөrgen adamь—Gollandianьꞑ Reseidegj elcjsj Gekkernnjꞑ asьrandь ʙalasь Dantestj... duelge (çekpe-çekke) caqьrdь. Duelde Puckin aur çaralanьp, 1837 çьlь 10-fevralda qaza taptь. Qorьqqan patca, ūlь aqьndь syigen qalqьnan çasьrьp çerledj. Puckinnjꞑ çerleujne kөpcjljktj qatьnastьrmadь. Aqьnnьꞑ өljmj turalь gazetke de ecteme çazdьrmadь. Degenmen ūlь aqьnnьꞑ өljmjne kyijngen qalqtьꞑ qainaƣan ьzasьn, Puckinnjꞑ jzjn ʙasqan ūlь Lermontov „Aqьnnьꞑ өljmjne“ degen өzjnjꞑ өleꞑjmen çьrlap, zalьm patca men onьꞑ qol coqparь ʙolƣan tөʙet-tөrelerjn qalq aldьnda əckerelep ʙerdj.

Puckin çalƣьz orьs qalqьnьꞑ ƣana aqьnь emes, ʙarlьq qalqtarƣa ardaqtь aqьn. Өitkenj, ol, өzjnjꞑ ʙarlьq cьƣarmalarьnda adamgercjljktj, ədjldjktj, ʙostandьqtь, dostьqtь, meirʙandьqtь çьrlaƣan; qūldьqqa, nadandьqqa qarsь tūrƣan. Ol, tek orьs tūrmьsьnan ƣana çazьp qoiƣan çoq, ʙasqa qalqtar tūrmьsьnan da çazƣan.

Puckin orьs ədeʙietjn kemeljne keltjrjp, kөrkemdjk çaƣьnan da, mazmūnь çaƣьnan da meiljnce ʙaiьtqan. Onda kөrkem ədeʙiet çanrьnьꞑ ʙərj de ʙar. Onьꞑ cьƣarmalarь asqan danьcpandьq ceʙerljkpen çazьlƣan qalqtьq cьƣarmalar. Sondьqtan, onьꞑ cьƣarmalarь өzjnen keijngj aqьndarƣa, çazucьlarƣa ylgj ʙolumen qatar, ʙygjngj sovet çazucьlarьna da ylgj. Sovet çūrtcьlьƣь, sovet çastarь Puckin cьƣarmalarьn oqьp, yirenumen Puckin zamanьnьꞑ çaiьn tanidь.

A. S. PUCKIN




Danьcpan Oleg[1] əsker çidъ saptap—
Kek almaq, eser - Xazar[2] eljn cappaq:
Mazalap cabuьldap qoimaqan soņ;
Qalasьn ertep, çerjn kettj taptap.

Qalьņ qol Stamboldьņ qūrcьn kigen;
Arqьmaq mjngen knəz keled bastap.
Ormannan qausaqan qart qarsь cъqъp,
Kyņrenjp zjkjr salьp kezjn çūmьp.

Perunqa[3] mjnaçatьn etedj qart,
Seileidj bolacaqtь bolçal qьlьp,
Bjr qasьr balьn tartьp esiet aitqan;
Qariaqa toqtadь Oleg atьn būrьp.

„Ua, qaria, qūdai syigen, aitcь maqan:
Ne kerem emjrjmde çaqsь, çaman?
Taba bop kercj otьrqan çaularьma
Kecjkpei, mymkjn, eljp kerde qalam?

Cьnьn ait, nede bolsa menen qorq pa,
Bal basь—at alasьn eņ qalaqan",
—„Əulie[4] patcalardan seskenbeidj,
Knəzdan qaiьr-zeket tjlemeidj.

Olardьņ aitqanь ras, tjlj erkjn;
Aspannьņ nūrь syigen səuegeidj.
Bolacaq kez çetkjsjz tьm qaraņqь;
Sonda da taqdirdj aitam betjņdegj.

Ūmьtpa nasiqattь çadьņa alьp:
Çyrmekcj ataqtь er nasattanьp,
Çau çeņjp, el bilegen kemeņgersjn,
Stambul[5]—qaqpasьna qalqan taqьp
Çer bolsьn, teņjz bolsьn biljgjņde,
Baqьņdь çauьņ kyndeid jcj çanьp.

Kek teņjz qorqьnьctь tolqьndanьp,
Siqьrsьp tulasa da buьrqanьp,
Oq bolsьn, qьlьc bolsьn, qançar bolsьn
Kep çьldar senj saqtar meijr salьp...
Kigenjņ temjr saubt çara tyspes,
Kieņ bar qorqaitьqьn sьrttan baqьp

Yrjkpes arqьmaqьņ ec apattan,
Senjmdj iesjne sezjn baqqan.
Tebjnseņ qan maidanda zьmьraidь,
Teçeseņ oqqa tezer çauьņ atqan.

Elemes suьqtь da, qamcьnь da;
Açalьņ bjraq osь arqьmaqtan.

Kyldj Oleg ezu tartьp; degenmenen
Kelbetj oiqa comьp, būzьldь jreņ.
Syienjp erdjņ qasьn yndemesten,
Atьnan tьm tynerjp tystj əreņ.
Qoctasьp cьn senjmdj dosьn silap
Moiьnnan qaqtь, çalьn tarap temen.

—„Qoc bop tūr, çan çoldasьm eņ senjmdj,
Mjnekei, airьlatьn uaqьt keldj.
Demjņdj al; endj salman aiaqьma
Əcekei altьndaqan yzengjņdj.
Qoc, tьnьq, este saqta, menj ūmьt pal
Çjgjtter, arqьmaqtь əket endj.

Ystjne kəlj kjlem çabu salьp,
Baqьņdar alabьma alьp barьp,
Çuьņdar, kytjp, taza çem berjņder
Būlaqtan meldjr taza jcsjn qanьp".
Çjgjtter arqьmaqtь alьp ketjp,
Knəzqa beten bjr at keldj alьp.

Er Oleg qalьņ qolmen toilap çattь,
Keņjldj staqandar sьņqьr qaqtь.
Būrьnqь būira cactar taņertengj,



[1] Oleg—orьs memieketjnjņ negjzjn çasaqan ataqtь knəzdardьņ bjrj. Qalq onь „danьcpan" dep ataqan.

[2] Xazar—çartь kecpelj çauьnger qalq, tybj belgjsjz, IX qasьrda terjstjk Kavkazdan Dneprge deijn alьp tūrqan. Orьs elj olardьņ cabuьlьnan kep zian tartqan. Oleg olardь çeņgen.

[3] Perun—eskj slavən çūrtьnьņ bas təņrjsj, naizaqai təņrjsj.

[4] Əulie—səuegei—qalqtьņ senuj boiьnca, aldaqьnь bolçaitьn, keremet çasaitьn qasiettj adam.

[5] Stambul—būrьn Vizantia, sosьn Konstantinopol kezjrgj Stambul ol kezde grekterdjņ baitaq bai memleketjnjņ astanasь bolqan. Oleg cabuьl çasaqannan keijn Vizantia bjtjmge kelgen, sosьn Oleg Stambuldьņ qaqpasьna ezjnjņ qalqanьn qaqqan.

Qorƣandь ʙasqan qardai aqcьl tarttь.
Bjr kezde ʙjrge ɵtkjzgen soƣьstardь
Eske alьp, əꞑgjmelep tьꞑdai qaptь.

„Çoldasьm qaida menjꞑ?—dedj Oleg,—
Aitsaꞑdarcь atьm qaida, zatь ʙɵlek?
Aman ʙa? Caʙьsьnan tanƣan çoqpa?
Çyitki me, ʙūrьnƣьdai çyz dɵꞑgelep?"
Dɵꞑestjꞑ qūlamalь qaʙaqьnda,
—Məꞑgj ūiqь,—destj, kɵpten alƣan ʙɵlep...

Er Oleg tɵmen qarap oiƣa comdь:
„Bəlgerdjꞑ sɵzj qaida? Būl ne ʙoldь?
Laƣanat ʙolçaꞑьꞑa aitu kerek,
Çalƣancь — sūmpaiь cal malƣūn sorlь.
Atьmdь əlj mjnjp çyrmes pe edjm?!"
Dedj de, qu syiektj kɵrmek ʙoldь.

Saparƣa ʙatьr Oleg cьqtь attanьp,
Igordь[1] meimandardь qasьna alьp.
Dɵꞑeste Dneprdjꞑ çaƣasьnda
Syiektj qurap qalƣan kɵrdj ʙarьp.
Caꞑ ʙasьp, çauьn caiьp, çel soƣadь,
Ystjne cьqqan qau cɵp ʙūlƣaꞑ qaƣьp.

Knəz kep ʙasьp tūrьp attьꞑ ʙasьn:
„Ūiqtai ʙer,—dedj—çalƣьz çan çoldasьm!
Sen ɵldjꞑ, kərj ieꞑ, əlj tjrj:
Ɵljmge endj seʙep ʙola almassьn,
Denemdj ьstьq qanƣa comьldьrьp,
Kjlkjtjp qau arasьn qoia almassьn!

Açalьꞑ aqьrьnda dep osьdan,
Dərjptep ʙūl syiektj qurap tūrƣan!"
Degende keꞑjp qalƣan ʙas jcjnen
Ьsqьrьp cьƣa keljp ūulь çьlan.
Taspadai aiaƣьꞑa oratьldь,
Baqьrьp qaldь knəz çanь ūcьrƣan

Knəzdjꞑ qasrettj ornьn ʙasьp,
Būrqьrap saptь aiaqtar kɵʙjk casьp.
Olga[1] men knəz Igor taqta otьr,
Çaƣadan əsker carap jcken tasьp.
Baiaƣь ʙjrge ɵtkjzgen maidandardь
Qalьꞑ qol eskeredj sɵz qozƣasьp.

---

1 Knəz Igor — Slavəndardьꞑ ʙjrjncj Barəg knəzj Ruriktjn ʙalasь, onьꞑ ças kezjnde memlekettj Ruriktjꞑ tuꞑsь — Oleg ʙasqarƣan.
1 Olga — Igordьꞑ əielj.

## ÇЬR BŪLAƢЬ

*(Çamʙьlƣa)*

Çasь ƣasьr camalasqan,
kɵptj kɵrgen qaria,
Jcj ɵleꞑ qainap tasqan
Aidьn calqar daria.
Azat ʙūlʙūl qaçьmaƣan,
Erkjn cattь çainaƣan.
Erjktj eldjꞑ çьrьn çьrlap,
Sanduƣactai sairaƣan.

*Dostanov Orьnʙai.*
(Ontystjk Qazaƣьstan Cəujldjr audanь. Çamʙьl orta mekteʙj).

## MENJꞐ ÇЬRЬM,— QUANЬCЬM

Menjꞑ çьrьm, quanьcьm,
Mekteptegj oquьm.
«Otlicnik» dep ataq alьp,
Miƣa ʙjljm toquьm.

Menjꞑ çьrьm, — quanьcьm,
Syijktj ūlь kɵsemjm.
Saiasьnda ʙaqьttь ɵmjr,
Er çetemjn, ɵsemjn.

*Mədjxat Tɵreçanov.*
(Petropavl. Qaz. ped. ucilicce).

---

## Ç Y R E K S Ь R Ь

*(Ordendj aqьn aƣailarƣa)*

Altьn orden — asьl çьrdьꞑ,
Ɵcpes gauhar cьraƣь,
Elge cacqan jnçu-marçan
Çaꞑa çьrdьꞑ ʙūlaƣь.
Orden taqqan Kremldeꞑ,
Sen ɵmjrdjꞑ ʙūlʙūlь,
Tarttьm aƣa təttj çьrdь,
Būl çyrektjꞑ cьn sьrь.

*A. Iʙragimov.*
(Alma-Ata, 12-mektep)

---

## QAZDЬM BJLJM KENDERJN

Men kelemjn auƣa,
Sьrdьꞑ ʙoiьn çaƣalap,
Tuьp ɵsken çerlerdj
Kelem tanьp camalap.
Torƣai atьp oinaƣan,
Taldan sadaq ijp ap,
Osь çerdj kɵrgende
Eske tysed çastьq caq.
Kɵlge çyzjp dostarmen
Calpьldatьp sularьn,
Kɵldjꞑ ūuaq ʙalьƣьn
Qiqu salьp quƣanьm.
Bjrj qьzьq ʙjrjnen,
Kyn artьnan kyn ɵtjp,
Menj de ɵmjr ɵsjrdj
Aq sūꞑqardai tyletjp
Qanattanьp men ʙygjn,
Bijk cьꞑƣa ɵrledjm,
Ūrьp qūlac ʙjljmge
Qazdьm ʙjljm kenderjn.

*B. Seitmūratov.*

---

## A N A A Q Ь L Ь

Syienjc, ūlьm çyregjm,
Auqattь qalqьm kezde ɵsken,
Qol qanatьm ʙɵʙegjm,
Gyldengen cattьq elde ɵsken.
Mūzdai temjr qūrsanьp,
Qolьꞑa qaru alьpsьꞑ,
Qamьstai tjkken qūlaƣьn
At tūlparьn tauьpsьꞑ.
Saq ʙol çanьm qacan da,
Analьq saƣan aqьlьm.
Berjp Klim komanda,
Attan dese marcalьꞑ:
Toʙьn çaudьꞑ oiranda,
Azuьn elge saldьrmai,
Çeljkken çaudь talqanda,
Tamtьƣьn çerde qaldьrmai!

*Erçanov Kɵptjleu.*



# TEPEꞐ KӨK

(QAZAQTЬꞐ QALQ-ERTEGJSJ)

Būrьnƣь zamanda ʙjr saraꞑ ʙai ʙar eken, onьꞑ yc ūlь ʙolьptь. Ol, ʙalalarьna qatьn alьp ʙermegen eken. Bjr kynderde ʙalalarь aqьldasьp ylkenj men ortancьsь, kjckenesjne aitьptь: „ʙjzdei ʙaidьꞑ ʙalalarь əlde qacan qatьn alьp mal maldanьp, çan çandandь, ʙjz əlj kynge ceijn syr ʙoidaqpьz. Sen əkemjzge ʙarьp ait, ʙjzge qatьn alьp ʙersjn" — deptj. Būl ʙarьp aitqansoꞑ əkesj: „kyz ʙolsьn, kərj ʙie, qatpa tailar çetjlsjn"—deptj.

Kyz çetjptj. Kjckene ʙalasь taƣь aitqan eken. Əkesj: „qьlьcьn syıretjp qьs keledj, qьs өtken soꞑ alьp ʙeremjn" — deptj, Sol çьlь qьs qattь ʙolьp, ʙaidьꞑ malь çūtap, ʙjr kөktaidь ʙalalarь cөp çūlьp ʙerjp aman alьp qalьptь. Sol çьlь ʙai men ʙəiʙjce өljp, ʙalalarь tap-taqьr kedei ʙolьp qalьptь. Yidjꞑ çaʙdьƣь ʙalalarƣa ʙjr çьldьq auqat ʙolьptь.

Bjr çьldan soꞑ ʙalalar azьqsьrap çoqcьlьq kөredj. Kөk tai qūnan ʙolьp, mūnan ʙasqa tjgerge tuiaq qalmaptь. Kjcjsj ekj aƣasьna aitьptь: „mьna qūnandь maƣan ʙer, men endj tjlencjljk qьlьp, pūl, mal tauьp kyn eteljk" — deptj. Qьsь-çazь tjlencjljk qьlьp ekj aƣasьn asьraptь. Kynderdjꞑ kynjnde sol eljnde ʙjr ʙaidьꞑ ylken as-toiь ʙolьp, ʙəigjsjne ʙasь elu çorƣa at tjgjp, at captьrmaq eken, sonda ʙūlardьꞑ kjcjsj kөk dөnenmen ʙjr auldan airan alьp kele çatsa, astьndaƣь atь, artьnan quƣan qanca itterjne, tazьlarьna caꞑьnda kөrsetpeidj. Aƣalarьna keljp: „Bjzdjꞑ kөk dөnen tazьlarƣa da caldьrmadь, osьnь mьna astьꞑ ʙəigesjne qossam qaitedj" — deptj. Aƣalarь maqūldap kөk dөnendj taꞑ asьrьp suьtьp, ʙəigjge qosuƣa çiʙnƣa alьp keljptj. Būl eldjꞑ Baraq xan degen xandarьnьꞑ egjz qara degen ʙəigjge qosьp çyrgen ekj atь ʙar eken, olardь da qosьp otьr eken. Būl kөk dөnendj ʙjr kedeidjꞑ taz ʙalasьna mjngjzjp qoia ʙerjptj. Kөk dөnen өzj arьq, aqsap çyr eken.

Attarьn aidap ʙara çatqanda ʙalalar kөk dөnendegj ʙalanь ʙjreuj ʙjr tyrtjp ketjp, ekjncjsj ekj tyrtjp ketjp, mazaq qьlьp çьlatьp ʙarƣan eken. Bjr mezgjlde attardь qaiьrьp çjʙergende orta çolƣa ceijn kөk dөnen tosaꞑ cauьp, orta çoldan asa ʙergende zaulap zьmьraƣan eken. Sonda tazca ʙala attardь ʙasьp ozьp, ʙjr ʙjrlep qaldьrьp otьrƣan da, ʙərjnjꞑ ʙөrkjn alьp ʙastarьna ʙjr-ʙjr salьp өte ʙergen eken Sonda xannьꞑ egjz qarasь aldьnda ʙara çatьr eken, olar men kөk dөnen qatarlasьp kep, ʙjr az talasьp, azdan soꞑ olardь da keijn tastap çөnelgen eken. Al, ər eldjꞑ ʙalasь өz rularьnьꞑ atьmen ūran caqьrьp, xannьꞑ atьndaƣьlar ʙaqьrьp kele çatьr eken. Tazca ʙala — ne dep ūrandarьn ʙjlmei kele çatьp, aiaƣьnda mūnь „Tepeꞑ kөk" dep ūrandaiьn dep „Tepeꞑ kөk" dep soƣьp kele çatьptь. Sonda, xan dyrʙjmen qarap tūrьp — ʙjr kөk nərse kele çatьr. Əlde ūrlьq pa? Əlde çoldan qosьlƣan neme me? Onь çьƣьꞑdar dep çūrtqa ʙūiьrьptь. Çūrt ʙərj çaʙьlьp çьqpaq ʙolƣanda, aqьrь өzderj çьƣьlьp, kөk dөnen ozьp „cu" dep çyre ʙergen eken. Sonda kөk dөnennjꞑ iesj: „keler me eken tepeꞑ kөk, kelmes pe eken tepeꞑ kөk — "dep aitьp," soiar qoiьm çoq, otqa salar maiьm çoq, kөtere kөr aruaq" dep zar çьlap tūr eken. Sonda kөk dөnen syrege (kөmʙege) ʙjrjncj ʙolьp kjrjp, daiarcь ūstaƣan eken. Xan keljp: „ʙūl ūrlьqpen kelgen at" — deptj. Sonda kөk dөnennjꞑ ystjndegj ʙala: qoiьnnan ʙarca atqa capqan ʙalalardьꞑ ʙөrkjn cьƣarьp, cacьp laqtьrьp tastaptь, Xan sonda atьn qaqʙasqa ʙjr salьp, qaitьp ketjptj. Yc aƣaiьndь çjgjt qьrьq çorƣa attь өzderj alьp, on çorƣanь tazca ʙalaƣa ʙerjptj, өzderj çūrt qatarьna alьnьp, kөk dөnen qandai ʙəige ʙolsa da aldьn ʙermei ataƣь çer çarьptь.









# MƏSKEU—AMERIKA

Ūlь Otanьmьzdьŋ erçyrek lөtcikterj Vladimir Kokkinaki men Mixail Gordienko çoldastardьŋ osь çьlь apreldjŋ 28-29 kynderj Məskeuden—Amerika Qūrama Ctattarь arasьnda tamaca ūcu saparьn aiaqtaqanь вykjl əlemge məljm. Olar Məskeuden Amerika Qūrama Ctattarьna 22 saqat 56 minutta ūcьp çettj. Būl ekj ara 8 mьŋ kilometr camasь çer.

Kokkinaki men Gordienko çoldastar өzderjnjŋ osь tamaca ūcu saparьnda çolda ynemj вolьp otьratьn metorologialьq çaqdaida ūcь. Olar вūl qiьncьlьqtardьŋ вarlьqьn вatьl çeŋe вjldj. Olar, tjptj 7000—9000 metjrljk ylken вijkte de ūctь. Mjne, ūcudьŋ osьndai qiьn çaqdaiьnda samolөt yc siklonqa kezdesjp, olardь çarьp өttj. Bjrjncj siklon Novgorod maŋьnda kezdestj, ekjncj siklon Islandianьŋ kynвatьs çaqalarьnda, ycjncjsj Grenlandiada kezdestj. Bjraq, aua raiьnьŋ mūndaiьq qauьptь kezeŋderj вjzdjŋ erçyrek sovet lөtcikterjn yreilendjre almadь. Olardьŋ вarlьqьn asqan erljkpen çeŋjp cьqtь. Ordendь inçener S. V. Iliucin çoldastьŋ konstruksiasь вoiьnca çasalqan ekj matorlь „Məskeu" samolөtj de вūl tamaca ūcu saparьnda myltjksjz çūmьs jstep, өzjnjŋ materialdьq



вөljmderjnjŋ çoqarь dəreçedegj sapalь macina ekendjgjn aiqьn kөrsettj.

Məskeuden Amerika Qūrama Ctattarьna ūcьp вaru çөnjndegj aua çolь osь uaqьtqa deijn tьm qiьn çol вolьp esepteljp keldj. Būl aua çolьn acuqa eŋ вjrjncj ret talaptanqan sovet lөtcigj Cestakov вoldь. Ol, вūdan 10 çьl вūrьn Məskeuden Amerika Qūrama Ctattarьna ekj matorlь „Strana Sovetov" samolөtj men tūŋqьc ret ūcьp cьqtь. Olardьŋ samolөtj **Sibir, Oxotskj teŋjzj arqьlь ūlь okeannьŋ soltystjk вөlegjn вasьp, Kordilieriama ystjnen өtjp, onan arqь çerde вykjl Amerika Qūrama Ctattarьnьŋ** territoriasьn вasьp өttj. Būl marcruttьŋ ūzьndьqь 20 mьŋ kilometr вoldь. Ūcu saparь 70 kynde aiaqtaldь. Samolөttjŋ çoldaqь toqtap otьrqan uaqьttarьn qosьp eseptegende, вūl sapardaqь samolөttjŋ capcaŋdьqь orta eseppen saqatьna 11 kilometrden keldj.

Olardan keijn, 7 çьldan soŋ Sovetter Soiuzьnьŋ geroiь S. L. Levanevski SSSR men Amerika Qūrama Ctattarь arasьnan Soltystjk aua çolьn actь. Ol **Ios-Ançelostan Məskeuge qarai ūcьp, San-Fransiskonь, Sietteldj, Nomdь, Deçnev-Mьisьn, Tiksa вuxtasьn, Iakutskidj, Krasnoiarskidj вasьp** өttj. Būl transpolərlьq soltystjk çoldьŋ ūzьndьqь 19 mьŋ kilometr вoldь. Ūcu saparь 39 kynde aiaqtaldь. Būl saparda samolөttjŋ capcaŋdьqь (toqtaqan uaqьtьn qosqanda) 22 kilometrden keldj.

1937 çьlь zamanьmьzdьŋ ūlь lөt-






# QŪRAMA CTATTARЬ

cigj V. P. Ckalov Sovetter Soiuzьnьꞑ Geroilarь Baidukov çaꞑa Beləkov çoldastar Soltystjk polius arqьь SSSR men Amerika Qūrama Ctattarь arasьnan çaꞑa aua çolьn saldь. Olar ɵzderjnjn būl saparьnda 63 saqat, 25 minuttьꞑ jcjnde (tɵtesjnen eseptegende) 8.583 kilometr, al js çyzjnde 12 mьꞑ kilometrden astam çer ūcьp ɵttj. Samolɵt Məskeuden ūcьp, Amerika Qūrama Ctattarьnьꞑ Fortland qalasьna вarьp qondь.

V. P. Ckalovtan keijn kəp kecjkpei-aq sol marcrutpen Sovetter Soiuzьnьꞑ geroilarь Gromov, Iumacev, Danilin çoldastar taqьda ūctь. Olardьꞑ samolɵtj 62 saqat 17 minutta ec çerge qonвastan (tɵtesjnen eseptegende) 10.148 kilometr, js çyzjnde 11500 kilometr aua çolьn ūcьp ɵttj. Samolɵttjꞑ capcandьqь orta eseppen 150-160 kilometr boldь. Olar Məskeuden ūcьp Amerika Qūrama Ctattarьnьꞑ Los-Ançelos qalasьna вarьp qondь.

Al, tamaca lɵtcik Vladimir Kokkinaki basqarqan quattь „Məskeu" samolɵtj Sovetter Soiuzь men Amerika Qūrama Ctattarь arasьndaqь osь



uaqьtqa deijn bolmaqan eꞑ tete aua çolьn saldь. Samolet: **Məskeu — Trondgein (Norvegia) Reikiavik (Islandia), Kap Farvel (Grenlandianьꞑ oꞑtystjk cegj) — Soltystjk Amerika marcrutь boiьnca** ūctь. Būl çoldьꞑ ūzьndьqь 7.520 kilometr. Samolɵttjꞑ capcandьqь orta eseppen 360 kilometrge çettj.

Kokkinaki men Gordienko çoldastardьꞑ būl acqan çaꞑa çolь SSSR men Amerika Qūrama Ctattarь arasьnda вjr sɵtkenjꞑ jcjn de ūcьp вara вeretjn eꞑ qьsqa, eꞑ tete aua çolь вolьp otьr. Olar Məskeuden ūcьp, Amerika Qūrama Ctattarьndaqь Miskou aralьna вarьp qondь. Būl ūcu saparьnьꞑ negjzgj maqsatь—Islandia çaꞑa Grenlandia arqьь SSSR men Amerika Qūrama Ctattarьnьꞑ arasьnda yzвei qatьnas çasap otьratьn, tez ūcьp вaratьn aua çolьn anьqtau edj. Būl çol, вūrьn mylde zerttelmegen. Būl Atlantikanьꞑ soltystjk çaqьnan ɵtetjn transatlantikalьq çaꞑa aua çolь.

Vladimir Kokkinaki aviatsianьꞑ kɵrnektj masterj. Ol tez ūcu, çoqarь ūcu siaqtь tamaca jstermen daꞑqь cьqqan, novator-lɵtcik. Ol, вūl ūcu saparьnda ɵzjnjꞑ masterljgjn dynie çyzjne taqь da вjr kɵrsettj.

Sovet aviatsiasь taqь da вjr tamaca taвьsqa ie boldь. Kokkinaki men Gordienko çoldastardьꞑ ūcu saparь Stalindjk aviatsianьꞑ orasan ɵrge вasqandьqьn aiqьn kɵrsetedj. Olardьꞑ daꞑqь, ūcu saparь dynie çyzjndjk aviatsianьꞑ tarixьna qosьlqan jrj qazьna boldь.

Sovet aviatsiasьnьꞑ kycj, quatь, dynie çyzjn taqь da вjr taꞑdandьrdь.

*A. M. Gorkidjŋ çau qolьnan qaza tapqanьna 3 çьl.*

# MAKSIM GORKI

Maksim Gorki (Aleksei Maksimovic Peckov) 1868 çьlь Niçne Novgorod qalasьnda, çūmьscь stolər-drapirovciktjŋ[1] semiasьnda tudь. Əkesjnen erte airьlьp, вalalьq caqьn ūlь atasь Kacirinnjŋ yijnde etkjzdj. Kacirin вastaвьnda вoiau masterskoiьnьŋ iesj вolqan, artьnan əвdən kedeilengen kjsj edj. Bolacaq çazucь osьnda qaraŋqь emjr, taqь ədet-qūrьp, tūrpaiь adamdarqa tap вoldь. Çetjm вalanьŋ вalalьq emjrjn qьzьqtь etken вjrden-вjr quanьctь çaqdai — nemeresjn cьnьmen syietjn, darьndь, meirвan ūlь anasь Akulina Ivanovnanьŋ teŋregj edj. Çazucьnьŋ ez aituь вoiьnca ol ycjn ūlь anasь: „вjrden-вjr çyregjne çyregj çaqьn dosь, tysjnjktj eŋ çaqьn adamь“ вolqan.

Gorki ezjnjŋ вalalьq çana alqacqь çastьq kezderj turalь „Balalьq caq“ (1913), „Kjsj esjgjnde“ (1918) attь tamaca kjtaptar çazdь.

Aleksei Maksimovic вastauьc qol enercjler mekteвjnde oqьdь, вjraq çoqcьlьq oqudь aiaqtattьrmadь Dokumentjne — „kedeiljgj seвeptj oqudь вjtjre almadь“, — dep çazьldь. On çasьnan „Kjsj esjgjnde“ çūmьs jstedj, aiaqkijm magazinjnde „qol вala“, sьzucьlarda „yirenucj“, paroxodta — „kjcj ьdьs tasucь“ вoldь.

Aleksei çasьnda kep çer araladь, вūrьnqь Reseidjŋ kelвegen Oŋtystjgjn çaiau kezdj. Nan pjsjrucj, çyk tasucь, kyzetcj вoldь, çarmenke teatrlarьnda oiьnqa qatьstь, xorda ən saldь.

1892 çьlь Gorki Kavkazdaqь revolutsiacьl çūmьscьlar qozqalьsьna qatьnasьp, tyrmege alьnadь. Osь çьlь Gorkidjŋ „Makar Cudra“ attь вjrjncj əŋgjmesj Tifl'stegj „Kavkaz“ gazetjnde вasьlьp cьqadь. Gorki Volga aimaqьndaqь (Qazan, Samar, Niçni) gazetterge çaza вastaidь. „Samarskaia gazeta“ da Iegudil Xlamidi degen çasьrьn atpen felietondar çazadь. Osь gazetke „Sūŋqar turalь çьr“ dь вastьradь (1895).

Osьdan вьlai onьŋ cьqarmalarь gazet-çurnaldarda вasьla вeredj, вjraq patca ykjmetj onь вūrьnqьdan da вeter quqьnqa ūcьratadь, qaita-qaita tūtqьnqa alьp otьradь.

1906-1907 çьldarь Gorki proletariattьŋ revolutsialьq kyresjn kersetetjn „Ana“ attь ylken povest çazadь. Povestjŋ negjzjne cьndьq faktjlerj: Sormov degen çūmьscьnьŋ emjrj, 1901 çьlqь Njçnidegj sotsial-demokrattьq ūiьmnьŋ çūmьsь, 1902 çьlь Bjrjncj maidaqь çūmьscьlardьŋ demonstratsiasь, onьŋ artьnan Petr Zalomov degen çūmьscьqa вolqan sot protsestarьnan alьnqan.

1907 çьlь Gorki Londonda, partia siezjnde Leninge çolьqadь. Būl kezdesu turalь Gorki ezjnjŋ Lenindj eske tysjrulerjnde çazdь („V. I. Lenin“). 1907-1913 çьldarь Lenin men Gorki çij qat çazьsьp tūradь. Lenin çazucьqa ete kep kenjl вeljp, onь qadaqalap partialьq çūmьstarqa tartadь, Gorkidjŋ çasaqan qatelerjn tyzetedj. 1912 çьlь Gorki Bjrjncj maiqa çarnamalar çazadь. 1914 çьlь „Proletariat çazucьlarьnьŋ çinaqьn“ вastьradь.

Oktəвrdegj sotsialistjk revolutsiadan keijn M. Gorki, ezjn ūzaq uaqьt Oŋtystjkte, Italiada вoluqa mūxtaç etken aurulьqьna qaramastan ylken-ylken saiasattьq, mədeniettjk çūmьstar çyrgjzdj. 1926 çьldan keijn Gorki „Klim Samginnjŋ emjrj“ degen povest (4 tomdьq), „Egor Bulьcov taqь вasqalar“, „Dostigaev taqь вasqalar“ degen piesalar çazdь. Sovetter Soiuzьnьŋ çana cet elderdjŋ вaspasezderjne tolьp çatqan saiasattьq puвlitsistikalьq maqalalar вastьrdь. Kep kjtap, çurnaldarqa redaktor вoldь.

Maksim Gorkidjŋ ədeвiettjk qьzmetjne 40 çьl tolqan merekesjn 1932 çьlь partiamьz, ykmetjmjz, вykjl eljmjz вolьp toiladь, erekce sjŋjrgen eŋвegj ycjn Gorki eljmjz aldьnda Lenin ordenjn nagradqa aldь.

Gorki вjzdjŋ eljmjzde ədeвiet qozqalьsьnьŋ вasьnda вoldь. 1934 çьlь çazucьlardьŋ Вykjlsoiuzdьq вjrjncj siezjn ūiьmdastьruda ol ylken çūmьstar jstedj, siezde вaiandama çasadь. Siez, Gorkidj Sovet çazucьlarь soiuzьnьŋ predsedateli etjp sailadь.

M. Gorkidjŋ sotsialistjk qūrьlьsqa вelsene qatьnasuь, Lenin-Stalin jsjne ceksjz вerjluj, otanьmьzdьŋ opasьz çaularь — trotskicjl-вuxarincjl вandьlardь oqan ecjktjrdj. M. Gorki ezjnjŋ вjr qana SSSR da emes, вykjl çer çyzjndjk ylken aвьroimen aram niet facist sūmьrailarьnьŋ kontrrevolutsiacьl çauz oilarьna вegeu вoldь.

Olar proletariattьŋ ūlь çazucьsьna aram qoldarьn keterdj, M. Gorki 1936 çьl 18-iun kynj sovetke qarsь „oŋcьl trotskicjl вlok“ tьŋ eltjrujmen qaza taptь.

Ərine, qalq arasьnda ecqandai syienjcj вolmaqan opasьz zəljmder Gorki sьndь ūlь adamnьŋ qasьq qanь ycjn oŋdap tūrьp çauap вerdj. Çaulardьŋ kyl-talqanь cьqarьldь.

[1] Stolər-drapirovcik — stol çasaucь, yidjŋ jckj qaвьrqalarьna tyrlj materialdardan tyr salucь.

## A. M. Gorkidjŋ „Çaŋalьq pen eskjljk turalь“ degen maqalasьnan

Mūnan qьrьq çьl вūrьn menjŋ ūstazьm çana dosьm Mixail Romas[1] maqan вьlai dep edj: Kece çaŋвьrda, men moncanьŋ pecjn çendep çatqanda, moncanьŋ aldьndaqь вalalar: kjmnjŋ cecesj teвeleskjc? — dep вjrjne вjrj maqtanьc etjp çattь. Bjreuj: menjŋ cecem syt qūiatьn qūmьrcamen вastan salьp çjвergende, men ūcьp kettjm, — dedj. Ekjncjsj oqan вerjspesten: menj taiaqpen ūradь, taiaqtьŋ ezj-aq çanьma çaman вatadь, — dedj. Sonan son, вərjnjŋ cecesjnen ərj çij, ərj qattьraq teвelesetjn Ivankinnjŋ cecesj ekenjne вərj de moiьndadь. Mūnan keijn men Ivankinge qarap edjm: kezj aculь, вetj sazarqan, cacь sarь, demвelce eken.

„Søitjp, вalalar cecelerjn qaвaqan ittj madaqtaqandai maqtadь. Mjne, emjr osьndai Maksimic! Qarap otьrsaŋ əielderdj de aiьptauqa вolmaidь çana вalalardь da aiaisьn —



ʙərj de aur çūmьstan əʙden titьƣь qūrьdь. Ekjncj çaƣьnan qaraƣanda, tarcьlьqta tuьp, cecelerjne masьl ʙolьp ɵsken ʙalalardan nendei adam сьqpaqcь? Balalardь ainalьp yijrluge qoldarь timei, analarь qolьna ne tise sonьmen ūra ʙergen soꞑ deijm ƣoi? Oilap qarasaꞑьz: ʙūl siaqtь tūrmьstь ɵzgertu kerek,—degen dūrьs emes pe?“

Būl əꞑgjmeden ʙūrьn da, əielderdjꞑ—kyieulerj eꞑʙek aqьlarьn jcjp qoiƣandьƣь ycjn, tauьqtьꞑ ʙalapanьn itelgj jljp əketkendjgj ycjn,—tauьqtar ʙaqcadaƣь ʙūrcaqtь qazьp tastaƣandьƣь ycjn, mьsьqtьꞑ qūmьrcanь qūlatьp sьndьrƣanь ycjn—ʙalalarьn ūratьnьn, men ɵzjm de ʙjrnece ret kɵrgen edjm. Qatьndardь kartaimai-aq qartaitatьn: ʙarlьq kycterjn salьp, titьqtap qūlap qalƣanьnca jstep, yi etjp otьrƣan qaiьrcьnьꞑ mykəmalьndai, mykəmalьna ərʙjr kelgen grocтьꞑ zalalь ycjn, ornьna çūmsalmaƣan tijn,—kɵilek, damʙalьn çьrtsa da ʙalalarьn ūratьnьn ʙjletjnmjn.

Balalar kjnəlj ʙolƣandьqtan ūrmaitьn, tek əceijn „çoqcьlьqtьꞑ acuьn“ ʙalalardan alu ycjn ūratьn. Qaladaƣь çana derevnedegj qatьndardьꞑ, adamnьꞑ çanь cocitьn aur tūrmьsьn men kɵpten ʙjletjnmjn. Derevnedegj əielderdjꞑ ʙjr azьnьꞑ, kɵrcjlerjnjꞑ ʙalalarь depteritten ɵlse sol ɵljktjꞑ auruьn ʙalalarьna çūqqьzu ycjn, sɵitjp, ɵz ʙalalarьn ɵltjru ycjn, ʙalasь ɵlgen yige kɵꞑjl aitqan ʙolьp ədeij ʙaratьndarьn da ʙjletjnmjn.

Depterit tez çana çьldam çūƣatьn auru ƣoi, syitsede, depterit çūqqannan aurьp ɵlgen ʙalalardьꞑ kɵilegjn sьpьrьp alьp, ɵz ʙalalarьna kigjzgen analar da ʙar. Ɵz ʙalalarьn ɵstjp ɵltjretjn ʙolu ycjn, adam sondailьq titьqtaƣan, esjnen airьlƣan ʙoluь kerek ƣoi, ʙūl eskjljkte, ʙūl kynde tas-talqanь сьqqan samoderçavialьq tərtjpte ʙolƣan. Degenmen de, sol tərtjpten qalƣan jrjk-cjrjk ʙjzde əlj de az emes.

Būl ƣalamattan qūtьlu ycjn, Romastьꞑ[1] tūrmьstь negjzjnen ɵzgertu kerek,—degenjnjꞑ dūrьs ekenjn, men aldaqacan sezgem.

Osь kynge ceijn, ʙalalarьn ainalьp yjrltuge qoldarь timei, tjptj qataldьqtь çij jsteumen, ɵzjnen ʙezdjrjp alƣan analar da tolьp çatьr. Balasьn, eꞑ aqьr aiaƣь, tauьqta çaqsь kɵredj ƣoi. Al, ʙalanь tərʙielei ʙjlu ɵmjrdj keꞑnen tolƣaitьn ʙjljm men talanttь kerek qьladь,—ʙūl memlekettjk ūlь js. Balanьꞑ sūraƣьna:—Saʙьr et, ɵsken soꞑ ɵzjꞑ de ʙjlersjn,—dep çauap qaiьru, onьꞑ ʙjljmge talpьnƣan talaʙьn toitaru, degen sɵz. Balanьꞑ sūraƣьna dūrьs çauap qaiьru ycjn, ylken ceʙerljk pen ʙaiьmdьlьq kerek.

Ças ʙasьnan ata anasьnьꞑ talasuь men tɵʙelesjn kɵrgenjn ʙьlai qoiƣanda, olardьꞑ onan da çaman qьlьqtarьn kɵzj calƣan ʙalalar, semia tərʙiesjnen ne taƣьlьm almaq, sətj tyspegen tūrmьstьꞑ ecnərsege tūrmaitьn ūsaq-tyiekterj men ylken qiьncьlьqtarьna ьza ʙolьp çyrgenj çūmьstь jstei-jstei titьqtaƣan ata-analarьn çaqsь kɵrse de ɵzderjnjꞑ yirencjktj kɵꞑjlderjnjn caƣьmen ʙalalarьnьꞑ kɵzjnce aitqan caƣьmcьldar men kɵzj acьlmaƣandardь ʙalalar tjptj çaqtьrtpaidь.

Ata-analarь da, semia da, osь ɵzderj zardaʙьn tartьp otьrƣan ūumen, ʙalalarьn ʙaiqausьz ūulandьrьp aladь. Sɵitjp, adamdь tūrmьstьꞑ qoçasь etpei, tūtqьnь, qūlь etken—əser, ədet, vkus çana pjkjr, ʙalaƣa tygeljnen egjledj. Endj ata-ana ʙalaƣa „ɵz atьm ozsьn“ degen zaman kettj, çūmьscь qalqь ɵmjrge naƣьz qoça ʙolƣanьna on çьl ʙoldь,—dep yiretetjn ʙoldь.

Çūmьscь qalqь, ʙūrьnƣь zamanda, ɵzderjnjꞑ adam taꞑьrqarlьq tɵzjmdj ʙolƣanьna maqtana aladь, çūmьscьlardьꞑ taꞑdaulьsь ʙūlai tūruƣa ʙolmaitьndьƣьn, onьꞑ ūiat ekenjn tysjngence, çūmьscь qalqь nacar tūrdь, aur xalde ʙoldь.

Mьꞑdaƣan taꞑdaulь çūmьscьlar, çoldastarьnьꞑ azattьƣь ycjn çūmьscь-caruanьꞑ azattьƣь ycjn, tyrmede, katorgede, aidaluda çyrjp ɵldj, ʙjrnece mьꞑdarьn ʙesjncj, altьncь çьldar, Peterʙor, Məskeu taƣь ʙasqa qalalardьꞑ kɵcesjnde atьp ɵltjrdj, taƣь da osь ataulь çūmьscьlardьꞑ ʙjrnece mьꞑdaiь aqtarmen aiqasu maidanьnda ɵldj, sɵitsede, çūmьscь qalqь çeꞑjp сьqtь.

Qandai ʙolƣan kynde de ər kezde ɵmjrge kerektj cьndьq çeꞑjp сьqpaq.

Būl kynde ɵcjp ʙara çatqan ɵtken ɵmjrdjꞑ, neljkten qaita ornamauьnьꞑ kerektjgj turalь, kjtap ʙalalarƣa ata-analarьnan əlde qaida aqьldьraq, artьƣьraq aitadь, kjtap ɵtken zamanda qalqtьꞑ nege çaman tūrƣandьƣьn aitьp qana qoimaidь, ol onьꞑ ʙasqaca ʙolmai neljkten osьlai ʙolƣandьƣьn da tysjndjredj. Al, ʙalalarƣa mūnьꞑ ʙərjn tysjndjrjp çatuƣa ata-analarьnьꞑ camasь kelmeitjndjgj ʙar. Əsjrese, qazjrde, eskj ɵmjrdjꞑ əlsjrep ʙara çatqan kezjnde, ʙolacaqtь anьq tysjne almaƣandьqtьꞑ, ertengj kynnen qorьqqandьqtan ɵzderjn mūnan on çьl ʙūrьn qinaƣan çana ezgen eskjljkke əlde çarmasьp kele çatqan adamdar tolьp çatьr...

Balalardь semianьꞑ çeksūrьn ьqpalь men ūrьs-tɵʙelesjnen, çaisьz ьzʙarlьƣьnan ʙosatu—tjptj kerekaq. Būlai etuge analar ycjn qoƣamdьq tərʙie dep atalatьn—ʙalalar ʙaqcasь men iasliler ʙar ƣoi. Balalardь ɵzderjnjꞑ çaratьlьsьnda osь çūmьsqa ikemdjgj ʙar, ɵzgece syietjn kelecektegj çaꞑa əlem çasaucьlar dep sergek ʙaiьmdьlьqpen, ūlь tɵzjmmen qaraitьn adamdar tərʙieleuj kerek.

Balalar ec uaqьtta da, qazjrdegjdei—olardьꞑ aldьnda əlemdjk mənj ʙar js tūrƣanda, ʙūl jstj olardьꞑ əke-cecesj adam taꞑьrqarlьqtai ylgjrumen ʙastap otьrƣanda, ʙykjl dynie eꞑʙekcjlerjne aqьl salьp çana ɵmjrge erjktj ʙoluƣa oiatьp otьrƣanda,—qьmʙattь ʙop kɵrgen çoq.

„Izvestia“ gazetj, № 250.
30-oktəʙr, 1927 çьl.

---

[1] Mixail Romas qalqcьl revolutsioner ʙolƣan adam. Aleksei Maksimovic Romaspen alƣac ret 1888 çьlь Qazan qalasьnda taꞑьsьp, sodan ʙьlai dos ʙolьp ketken.

*I.V.Micurinnjꞑ olgenjne 4 çьl.*

# IVAN VLADIMIROVIC MICURIN

Orьs qalqьnьꞑ ataqtь darʙincjl oƣьmьstьsь Ivan Vladimirovic Micurin 1855 çьlь tuьp, Rəzan guʙernasь, Pronski yiezj, Dolgi derevnesjnde østj. Pronski yiezjndegj uciliccanь ʙjtjrjp, Rəzandaƣь gimnaziada oqьdь. Bjraq, Micurin ūzaq oqi almadь, „ʙascьlarƣa qarsь ʙolƣandьƣь" ycjn gimnazianьꞑ 6-klasьnan quьladь. Oqudan сьqqan soꞑ Micurin aur tūrmьstьꞑ saldarьnan Kozlov qalasьna ʙarьp, temjr çol qьzmetjne çūmьsqa ornalasadь. Micurin çūmьstan ʙos uaqьttarьnda çemjs egu çønjnde təçriʙe çasau çūmьsьmen cūƣьldanadь. Øzjnjꞑ azdь-køptj eꞑʙegjmen tapqan qaraçatьna tūqьm satьp alьp 1875 çьlь çemjs egjp təçriʙe çasaidь. Micurin ʙarlьq çjger-kycjn, ʙjljmjn сьƣьmь çaqsь, suьqqa сьdamdь alma aƣactarьn, ørjk aƣactarьn çana ʙasqa çemjstj øsjmdjkterdjꞑ çaꞑa sorttarьn taʙuƣa çūmsaidь. Køp çьldar ʙoiь çasaƣan təçriʙesj arqasьnda Micurin ər tyrlj øsjmdjkterdjꞑ çaꞑa sorttarьn tauьp сьƣarudьꞑ negjzgj ədjsjn taʙadь.

„Adam ʙalasь øsjmdjkterdjꞑ çaꞑa formalarьn çaratьlьstan da artьƣьraq etjp çasai — aladь, çasauƣa da tijs" dedj Micurin.

„Bjz çaratьlьstьꞑ øzjnen raqьm kytjp otьra almaimьz, øsjmdjktj çaratьlьstan alu jsj ʙjzdjꞑ øz mjndetjmjz" — dedj. Çemjstj øsjmdjkterdj syrleu çolьn Micurin actь. Ol ekj sorttan dənderdj ūrьqtandьru arqьlь suьqqa сьdamdь, ūcьnьp dertenuge ūcьramaitьn sorttar сьƣardь. Oꞑtystjkte ƣana øsetjn øsjmdjkterdj Qiьr Сьƣьs pen Soltystjktede eguge çaraitьn ettj. Micurin osь təçriʙesjmen gruca, alma-aƣacь, qьtai-ʙelpjlerjn, qьtai-cafrondarьnьꞑ kelecektegj ønjmjnen çaqsь sapalь sorttar ønetjndjgjn dəleldedj.



Micurin, adam ʙalasь øsjmdjk çemjsterjn øz keregjne qarai paidalanuьna, øsjmdjkterdjꞑ çaꞑa formalarьn çasauƣa naƣьz mьqtь qūral ʙolƣan Darʙinnjꞑ materialistjk ƣьlьmьn damьttь. Micurin øzjnjꞑ ʙaqca øsjru çūmьsьnda øtkjzgen 60 çьldьq ømjrjnde nece tyrlj (alma aƣacь, gruca, cie, siьr ʙyldjrgen, t. t.) çemjs aƣactarьnьꞑ, çemjs øsjmdjkterjnjꞑ çoƣarƣь sapalь sorttarьn ƣьlьmi çolmen actь.

Baqca egu çolьnda ʙjrnece ƣьlьmi statialar çazdь. Çemjs egu məselesj çønjnde „60 çьldьq çūmьstьꞑ qortьndьsь" degen ƣьlьmi kjtiʙьn çazdь. Сьƣьs pen soltystjkte ʙaqca çemjsjn egu çoldarьn ƣьlьmi çolmen damьttь.

Micurin ƣьlьmi eꞑʙekterjnjꞑ køpcjljgjn Oktəʙr revolutsiasьnan keijn ørjstettj, revolutsiaƣa deijn ƣьlьmi çūmьstarьn damьtuƣa ec qaidan çərdem ala almadь. Øzderjn ƣьlьmnьꞑ „uəkjljmjz" dep sanaitьndar, əsjrese darʙinizmnjꞑ çaularь Micurindj ƣьlьm adamь dep tanьƣьsь kelmedj. Onьꞑ ƣьlьmi eꞑʙekterjn ørjstetpei tūncьqtьruƣa tьrьstь. Alaida, sol uaqьttьꞑ øzjnde-aq Micurin çemjsterjnjꞑ asьl sorttarь Amerika men Kanada da daꞑqь çaiьlьp, keꞑ tyrde paidaƣa asьp otьrdь.

1934 çьlь, Stalin çoldas, Micuringe mьnadai telegramma çjʙerjp səlem çoldadь:

„Ivan Vladimirovic, ūlь Otanьmьzdьꞑ paidasьna sjꞑjrgen çemjstj eꞑʙekterjꞑjzdjꞑ 60 çьl tolƣan merekelj kynjnde sjzdj сьn çyrekpen qūttьqtaimьn. Sjzdjꞑ densaulьƣьꞑьzƣa çana çemjs egu jsterjn qaita qūruda çaꞑa taʙьstarƣa çetujꞑjzge tjlektespjn.

Qolьꞑьzdь qattь qьstьm.
*I. Stalin*".

Micurin — 1925 çьlь çemjs egu jsterjndegj ƣьlьmi eꞑʙegj, kørnektj qairatkerljgj ycjn sovet ykmetjnen Eꞑʙek Qьzьl tu ordenjn nagradqa aldь. 1931 çьlь Lenin ordenjn aldь. Micurin 1935 çьlь SSSR ƣьlьm akademiasьnьꞑ qūrmettj mycesj ʙolьp sailandь.

Būrьn Micurin tūrƣan Kozlov qalasь 1932 çьlь Micurin qalasь atalьp, kəzjrgj kynde çemjs egu jsterjnjꞑ dynie çyzjljk ƣьlьmi ortalьƣьna ainaldь.

Aul caruacьlьƣьn sotsialistjk çolmen qaita qūru jsterj, Micurin zerttep сьƣarƣan sorttardьꞑ kolxoz, sovxozdarda ørjsteujne zor mymkjndjk ʙerjp, daꞑƣьl çol actь.

Micurin 1935 çьlь 7-iun kynj qaitьs ʙoldь. Micurinnjꞑ daꞑьcpandьqpen tapqan ƣьlьmi mūralarьn yirenu çolьnda kəzjr mьꞑdaƣan micurincjlder qьzmet etude. Sovet çastarь sotsialistjk revolutsiacь ƣьlьmdь yirenude Micurinnjꞑ eꞑʙekterjn zor ьntamen oqidь.

Инв. № 188619-39

# Ylken alma



Kynnjŋ kөzj jrgeden çaŋa ƣana kөterjljp, ʙaqtaƣь çemjs aƣactarьna altьndь səulesjn sebe ʙastadь. Dəl osь kezde ʙjr-ekj ças ʙala Micurin ʙaƣьnьŋ qorƣanьna keljp asьlьp qarap tūrdь.

Baqtьŋ jcjndegj kөgalda ylken qalpaqtь ʙjr qart adam çyr. Ol torƣailardь caqьradь.

— Ci — ci — ci... Ci — ci — ci — dep daustaidь.

Torƣailar çan-çaqtan ūcьp keljp qarttьŋ ьƣьna, qalpaƣьna qonadь. Onьŋ teŋregjn qorcap aladь. Qarttьŋ qolьndaƣь nandь cūqьlap cьrcьr etedj. Qart olarƣa yzjp nan tastaidь.

Balalar cьdap tūra almadь. Өitkenj, ʙūl suret olarƣa өte qьzьqtь kөrjndj.

— Vasə! Būlar asьrandь torƣailar eken, — dep aiqailap çjʙerdj olardьŋ ʙjreuj.

Būl kezde qart ʙasьn çerden kөterjp alьp, daus cьqqan çaqqa çalt ʙūrьlьp qaradь. Sodan keijn salmaqpen adьmdap ʙalalarƣa qarai çyrdj. Balalar qorqьp kettj. Qacuƣa ainaldь. Mica qorƣannan sekjrjp tyse ʙergende aiaƣьn tasqa soƣьp aldь. Aiaƣьnьŋ auьrƣandьƣьna qaramastan, tjzesjn qolьmen ʙasьp, aqsai çөneldj. Būl kezde Vasə da qarƣьp tysken edj. Bjraq, onьŋ kөilegjnjŋ etegjnen ʙjreu ala tys kendei ʙoldь.

— „Endj saʙaitьn cьƣar", — dep oiladь Vasə. Qorьqqannan çyregj dyrsjldep qoia ʙerdj. Kөzjn tasqьlьp cūmdь da, orьnьnan qozƣalmastan çata kettj.

Kenetten ʙjreudjŋ kylgen dausь estjldj. Vasə kөzjn aqьrьn acьp qarasa, ʙūl kyljp tūrƣan manaƣь qart eken. Qart ʙaqtьŋ jcjnde tūrьp kyledj.

— Tūr, tūr aqьmaq! Kөilegjŋnjŋ etegjn qarmaq jljp qalьptь. Əuelj qarmaqtan ʙosanьp al da, sodan keijn qarƣьp tys. Sen qaidan çyrsjn, qorƣanƣa nege asьlasьŋ? — dedj ьzƣarsьz pjcjnmen kyljp.

— Biz. Mica ekeumjz cie men klubnik kөrmekcj ʙolьp keljp edjk.

— Qarai kөr. Al, senjŋ çoldasьŋ qaida qacьp kettj?

— Ol osь maŋda ʙoluь kerek. Bjz çaqsь çemjsterdj kөruge sonca ьntalanƣan edjk. Bjzdjŋ kolxozda da alma ʙaƣь ʙar. Bjraq, ʙūndai emes, nacar, — dedj ʙala.

— Olai ʙolsa senderdj çjʙermeuge ʙolmas, kel kjrjp qaraŋdar, — dedj, qart çьn çyzʙen.

Balanьŋ quanьcь qoinьna simai kettj.

— Ata-çan, sau ʙolьŋьz. Men Micanь tauьp əkeleijn, — dep çygjre çөneldj.

Bjr azdan keijn Vasə men Mica kөnjldj qartqa jlesjp ʙaqqa kjrdj. Baqtaƣь tamaca çemjsterdj kөrjp taŋdanьp qaradь.

Būl kөnjldj qart ʙau-ʙaqca çemjsterjnjŋ mamanь, tamaca ƣьlьm iesj Micurin edj.

— Nemene, çerdj qopsьtьp çūmsartpaƣansьz ʙa? Bjzde alma aƣactarьnьŋ tyʙjndegj çerdj qoparьp, çūmsatamьz. Alma aƣactarьnьŋ erkjn өsujne çeŋjldjk keltjremjz, — dedj, Mica.

Micurin ʙalalarƣa qadalьp qaradь da, ezu tartьp kyldj.

— Balam, sen məselenjŋ naƣьz tyijndj çerjn sūradьŋ. Endj əŋgjmenj osьdan ʙastalьq. Sender alma aƣactardьŋ tyʙjn ne ycjn qoparasьzdar? Alma aƣactardьŋ tamьrlarь az eŋʙek jstesjn, qinalmasьn, olardьŋ өsujne çeŋjldjk ʙolsьn dep oilaisьzdar ƣoi, solai ma? Al, dūrьsьnda aƣac ta adam siaqtь. Olar da kytkendj çaqsь kөredj. Olar da ʙjrte-ʙjrte aurьqqa tezjmsjz ʙola ʙastaidь. Olardь qьstь kynj qьmtap orap, çazdь kynj suarьp otьradь. Olarƣa ʙūdan artьq qandai kytjm kerek? Olar kytken saiьn nəzjk ʙoladь. Al, men olai jstemeimjn. Olardьŋ өzderjn eŋʙek etuge yiretem. Өzderjnjŋ tjrcjljgj өmjrj ycjn ne kerek, solardь өzderj alьp, өz ʙoilarьna sjŋjruge yiretem. Mjne, osьlai etkende olar ecqaidan orьnsьz çөrdem kytpeidj. Өz keregjn өzj tauьp aladь. Bara-ʙara olar kyctj tөzjmdj ʙoladь. Kyreske yirenedj: qьsqь suьqqa, çazƣь ьstьqqa ʙjrdei tөzgjc keledj. Өz өmjrjne kerektj qorektj өzj eŋʙektenjp aladь. Osьlai etkende olardьŋ çemjsterj təttj, cьrьndь keledj. Sөitjp, çemjs aƣactarьnьŋ jcjnen taʙiƣattьŋ qataŋ kezeŋderjne qarsь tūra alatьn, taʙandь erler өsjp cьƣadь.

— Qarai kөr, tamaca vinograd (çyzjm) ʙūndai kөp ʙolar ma, — dep Vasə aiqailap çjʙerdj ʙjr kezde.

— Tamaca, tamaca, — dedj Mica da dausьn sozьp. Ol, marçandai tjzjljp, meruerttei çarqьrap tūrƣan çemjsterden kөz ala-almai qadalьp qattь da qaldь.

Micurin qaltasьnan ʙəkjsjn suьrьp alьp ʙjr saʙaqtaƣь çemjstj kesjp aldь da:

— Mjne, sjzderge qonaq asь, dəm tatьŋьz ʙaqcacьlar, — dep ʙalalarƣa ūsьndь.

Balalar qūmartьp tūrƣan çemjsterjn tarpa-ʙassaldь.

— Өte təttj eken, — destj, olar auьzdarьna salьp çjʙerjp.

— Tamaca eken — dedj Vasə, çemjstjŋ təttj cьrьnьn qanttьŋ suьnca talmap çūtьp çatьp, Mica da əlde nenj sөilep çatьr.

— Sjzdjŋ kolxozьŋьzƣa da osьndai təttj çemjster өsjru kerek, — dedj, Micurin çьn çyzʙen kyljp.

— Çoq, өspeidj, — dep Vasə ʙasьn caiqadь.

— Nege өspesjn?

— Bjz өsjre almaimьz, sondьqtan qurap qaladь.

— Yirenu kerek.

Odan ərj ʙalalar Micurinmen jlesjp onƣa qarai ʙūrьldь. Bjr kezde Micurin ʙalalardь qalьŋ ʙūtalь aƣactьŋ tyʙjne alьp keldj. Aƣactьŋ ʙūtaqtarь marçandai tjzjlgen, almalarьn kөtere almai çerge ʙas ijp tūr.

— Al, mьnau qandai çemjs? — dedj, Micurin.

— Alma, — destj, ʙalalar, ekeuj ʙjr dauspen.

— Būlar əlj pjsjp çetken çoq, —



dedj de, Micurin ekj balaqa ekj alma çūlьp berdj.

Balalar qьrmьzьdai qьp-qьzьl almanь qoldarьna alqanda kөp tөzjp tūra almadь. Cetjnen tjstep çei bastadь. Bjraq, taңdanqandьqtan kөzderj çainap qoia berdj.

— Būl qaidan alma bolsьn,— dedj, Vasə taңdanьp—gruca qoi!

— Gruca, gruca bolqanda da əbden pjsjp çetken gruca,—dedj Mica.

— Men senderge alma degenjm çoq, sender alma, alma dep bol bermedjңder. Olai bolmai сьqtь ma, nemene? Būl qalai sadovodtar! Aqactьң çapraqьna qarap ta gruca ekenjn bjlmedjңjz be? Senderdjң qateleskendjgjңjz mьnadan: osь aqactьң өzjnde de aila bar. Өitkenj, būl taza grucanьң aqacь emes, budandastьrьlqan aqac. Būnьң atьnьң өzj de tamaca: gibrid dep ataladь. Al, endj gibrid—degenjmjz ne? Osьqan toqtalaiьq. Mjne, būl aqac kyctj, tөzjmdj bolьp сьnьqьp сьqtь. Qandai qataң çaqdailarqa da tөze aladь. Aqactardьң өte çaqsь, təttj çemjs beruj ycjn tьrьsu kerek. Al, çemjstj çaqsь etjp өsjruge bolmas pa edj? Ərine, boladь. Mjne, qьzьqtьң өzj osьdan bastaladь. Būnьң ycjn qoldan caqьlьstьru kerek boladь. Aldьmen sender gylderdjң qūrьlьsьn bjlesjңder me? Kənj, aitьp berjңdercj, dedj Micurin.

— E... bjlemjz,—dedj Vasə auzьndaqь grucasьn asьqьs cainap, basьn izep.

— Bjz çaqьn arada qana gylderdjn qūrьlьsьn oqьp tanьstьq,—dedj, Mica.

— Olai bolsa sender өzderjң de bjledj ekensjңder qoi,—dedj Micurin.

— Gylde sabaq (pestik), analьq, (rьiltse), tozaң (pьiltsa) degender boladь. Tozaң pjsken kezde analьqqa barьp tysedj,—dedj Vasə asьqa sөilep.

— Çoq, olar өzderj tyspeidj, tozaң ne çelmen ūcьp barьp tysedj, ne bolmasa olardь ūcьp çyrgen ūsaq çəndjkter jlestjrjp aparьp tysjredj, — dep Vasənjң sөzjn Mica tolьqtьra tystj.

— Çaraidь, çjgjt ekensjңder, bjletjn bolьp сьqtьңdar. Būnь gylderdjң çaratьlьs çolьmen caqьlьsuь deimjz. Sondьqtan, būl siaqtь caqьlьsudьң nətiçesjnde сьqqan çemjstj çaratьlьs çemjsj deidj. Al, gylderdj qoldan caqьlьstьruqa da boladь. Būnь qoldan caqьlьstьru deimjz. Mjne, osь qoldan caqьlьstьru ədjsj arqьlь men çemjstjң çaңa tyrlerjn өsjrjp сьqardьm. Senderdjң əlgj çegenderjңjz gruca qoi, ol tysjne qarasaңьz qьp-qьzьl, tyrjne qarasaңьz dop-domalaq, naqьz alma siaqtь. Būnьң sebebj mьnau: men osь grucanь almanьң eң çaqsь sortьmen caqьlьstьrqan edjm. Būl sodan paida bolqan çemjs.

— Al, sjz olardь qalai caqьlьstьrasьz? Tura qolmen be?

— Ərine, ecqandai qiьndьqь çoq. Aldьmen almanьң gyljn eptep kesjp aldьm. Sodan soң өte ceberljkpen onьң barlьq tьicinkasьn kestjm. Menjң būndaqь maqsatьm almanьң өz tozaңь өz analьqьna tyspesjn degendjk edj. Eger de, almanьң tozaңь өz analьqьna tyse qalsa, taqь da өzj tūqьmdas antonovka almasь өsjp сьqar edj. Sodan soң men gyldj mьqtap qьmtadьm—onь marlьmen çaptьm. Syittjm de alьp keldjm. Ərine, gyldj būlai qьmtamai alьp çyruge bolmaidь Өitkenj, ūcьp çyrgen aralardьң bjrj kezdese ketse onьң analьqьn basqa bjr gyldjң tozaңьmen caqьlьstьrьp ketedj.

— Tozaңdardь qalai çinaisьz?—dep sūradь Vasə.

— Tozaңdь ma? Būl orьndь sūraq. Tozaңdardь сьnь saueтqa, ne paketke saldьrьp Oңtystjktegj elderden aldьrtamьz. Mjne, osь gyldjң tozaңьn eptep sausaqьma qьsьp alьp barьp gyldjң analьqьna saldьm. Sөitjp, kyn saiьn osьlai etjp analьqqa tozaң cacьp otьrdьm. Tozaңdь apararda onь marlьdan jstelgen dorbaqa salьp qьmtap alatьn boldьm. Bjrnece kynderden keijn men өsjp kele çatqan tyinektj, pjsjp kele çatqan çemjstj kөrdjm:

— Alma өsjp сьqtь ma?

— Qьrьm almasь ma?—dep balalar qabattasa sūradь.

— Өsjp kele çatqannьң qandai alma ekenjn bjrden aiьru qiьn boldь. Būl çemjstjң dənjn kөru kerek edj. Mjne, aqьrьnda, təçribe oidaqьdai boldь. Sөitjp, çaqsь isj myңkjp tūrqan tamaca alma өsjp сьqtь.

Balalar taңdanьp, aqactьң būtaqьnda marçandai tjzjljp tūrqan, sarqьctau kelgen sūlu almalardan kөzderjn almai ūzaq tūrdь.

— Berj çyrjңjz, men senderge taqь bjr tamaca kөrseteijn,—dep Micurin balalardь jlestjrjp odan ərj alьp çyrdj. Bjr çerge kelgende aqactьң bjr būtaqьn ūstap balalarqa kөrsettj. Balalar būrьnqьdan da beter taңdandь. Өzderjne өzderj senbegendei kөzderjn uqalap qarastь.

Taң qalarlьq kөrjnjs. Bjr aqactьң būtaqьnda sarь altьndai sainsap gruca tjzjljp tūr da, sonьң çanьndaqь ekjncj būtaqta moncaqtai mөldjrep qaraqat çemjsterj tjzjljp tūr.

Būnь kөrgende Vasə Micurinnen kөzjn audarmastan ūzaq qarap tūrdь.

— Mjne, būl aqactьң gyljne ərtyrlj çemjsterdjң tūqьmьn otьrtqan edjm,—eger de, sjzder būdan bjr ai qana būrьn kelgende ceremuxanьң sabaqьnda samsьp tūrqan cienj de kөrgen bolar edjңjz,—dedj, ūlь qьlьmpaz.

— Kədjmgj cie me? Ceremuxaqa өstj deisjz be?

— Naqьz cie, bjraq olar sjzdjң bjletjn cieңjzden gөrj өzgecelеu bolьp өstj.

— Ne degen tamaca, oi tamaca—dedj Vasə.

Micurin kenetten çalt būrьlьp Micaqa qaradь.

Būl kezde Mica tjzjljp tūrqan grucalardьң bjreujn çaңa qana çūlьp alqan edj.

— Ūlьm time: sender өz qoldarьңmen çūlucь bolmaңdar. Өitpese, men dostьqtan aiьrьlam. Kerek bolsa, өzjm alьp berem qoi,—dedj.

— Ata men çūlqanьm çoq, çerde çatqan çerjnen aldьm. Mjne, būl gruca mьna çerde, çoldьң ystjnde çatьr eken,—dedj, bala, bjraq ūialqannan ekj betj qьpqьzьl boldь.

— Çaraidь, oqasь çoq.

Osь kezde çyzjm aqacьnьң ekjncj çaqьnan bjr adam keljp, būlardьң çanьna toqtadь. Onьң qolьnda ylken qisьq qaicьsь, kөzjnde kөzjldjrjgj bar.

— Ivan Andreevic, menjң balalarьmdь çemjspen silacь, bjz bjr saqattai qьdьrьp baqtьң jcjn aralap сьqtьq,—dedj Micurin kөzjldjrjktj adamqa.

Ivan Andreevic moinьn būrьp balalarqa qaradь Būl kezde kynnjң kөzjne caqьlьsьp onьң kөzjldjrjgj çarq ete tystj. Ol, taңdanqan pjcjnmen:

— Būlar qaidan kelgen balalar?—dep sūradь Micurinnen.

— Būlar, qaçap çaqsь adamdar. On kilometr çerden çaiau keljptj. Būlar çjgerlj adamdar. Bau-baqcanь syiucjler! Olardьң өzderj de

sadovodtar kerjnedj,—dep Micurin balalardь keterjp qoldь.

— Albstan jzdep kelgendereken, olai bolsa çemjs esjrudj yirenbekcj desenjzcj. Dūrbs-aq. Al endj, kolxozdarbпbzqa barqanson aitbпbz, çemjstjn nacar tyrlerjn esjrudj qoisьn. Bjzdjn almalardь kerdjnder qoi?

— Kerdjk.

— Osьndai almalardь sender de esjrjnder.

— Əsjremjz, gruca da esjremjz,— dedj Vasə.

— Çaraidь, Ivan Andreevic, būlarqa çyzjmnjn çai-çapsarьn aitьp tysjndjrjnjz. Əzderjn çaqsь etjp tūrьp qonaq etjnjz. Men basqa çaqqa baraibn,—dedj de, Micurin balalarmen qoctasьp ketjp qaldь.

— Solai, çjgjtter,—dedj Ivan Andreevic,—bjzdjn elkemjzde çyzjm espeucj edj qoi, ol senderge məljm cьqar. Ivan Vladimirovic Micurin bjzdjn elkemjzge çyzjm esjrmekcj boldь. Osьqan asa ыntalandь. Aqьrьnda, ol ez oiьn jske asьrdь. Soltystjk Amerikada Kanada degen bjr el bar qoi. Ol eldj bjletjn cьqarsьndar. Ol çerde çyzjm esedj. Onьn çyzjmj 30° sыqqa moiьmaitьn tezjmdj keledj. Ivan Vladimirovic osь çyzjmnjn tūqьmьn çazdьrtьp aldь. Bjraq, ol çyzjm çūmsaq, dəmsjz boluсь edj. Ekjncj çьlь Ivan Vladimirovic Ontystjkten çaqsь, təttj çyzjmnjn tozanьn aldьrtь. Seitjp, ezjnjn çabaiь çyzjmjn asьl tūqьmdь çyzjmmen caqьlьstьrdь. Bjraq, otьrtqan esjmdjkterjnjn bərj bjrdei tezjmdj bola almadь. Bjr sьpьrasь qьsqa cьdai almai ysjp kettj. Alaida olardьn kepcjljgj bjrden bjrge yirene barьp, sыqtan qorьqpaitьn naqьz cьdamdь bolьp kettj.

— Al, çyzjmder təttj boldь ma?— dep sūradь Mica.

— Əngjmenjn ezj osьnda, esjmdjktjn bərjnjn bjrdei çemjsj bjrden-aq çaqsь bolьp kete alqan çoq. Sondьqtan, Ivan Vladimirovic olardь jrjktep təçribe çasadь. Çyzjmderdjn təttjlerjn çana sыqqa tezjmdjlerjn jrjktep tandap aldь. Seitjp, təçribe arqьlь qoldan caqьlьstьru jsjn ūiьmdastьrdь. Solai etjp çyzjmnjn çana, çaqsь tyrlerjn esjrjp cьqardь. Būl baqqa Ivan Vladimirovic kep enbek, kep uaqьt çūmsadь. Osь ūlь enbegj ycjn ykmetjmjz Ivan Vladimirovicke Enbek Qьzьl Tuь ordenjn nagradqa berdj. Būl siaqtь çyzjmder tezden bykjl kolxoz, sovxozdardьn bərjnde de esetjn boladь. Tek çalqьz çyzjm qana emes, odan basqa da esjmdjkter meiljnce erkendep, bau-baqca bykjl eljmjzde tegjs esetjn boladь. Mьqtь, tezjmdj, dəmdj, təttj çemjster kebeiedj. Bjzdjn syijktj Ivan Vladimirovictj bykjl el bjledj. Barlьq gazetter ol turalь maqalalar çazьp tūradь. Onьn atьn bykjl çer çyzj tegjs bjledj,—dedj Ivan Andreevic.

Audarqan: Ə. Sərsenbaev



SOVETTER SOIUZЬNЬN KURORTTARЬNAN

Surettegj. Aur endjrjs Qalq Komissariatьnьn sanatoria parkjnjn bjr kerjnjsj (Soci qalasь) (Fotoxronika TASS)




(Çalƣasь, вasь çurnalьmьzdьņ 3—4-sandarьnda)

— Osьnda qonamьz, — dedj, at aidaucь qarƣa ombьlai tysjp. —Bũl вjzdjņ stansia. Bũl yi caƣьn-ƣana, вjraq, вytjn edj. Onda adam da çoq.

At aidaucь dereu cainektj qainatьp çjberdj de, canadaƣь azьq salƣan sɵmkenj alьp keldj.

Sɵmkedegj cũçьqtьņ saqiьp qatьp qalƣandьƣь sondai, tjptj onьmen cege qaquƣa da boladь derljktei. Cũçьqqa ьstьq su qũiьp çjвjttj de tjljngen kesek nandardь ьstьq plitanьņ ystjne qoidь.

Cuk pectjņ artьnan вjr qisьq pruçina tauьp aldь, at aidaucь oƣan вũl pruçina aņ aulaitьn qaqpannьņ pruçinasь ekenjn aittь.

Pruçina ɵne вoiьn tot вasьp, jske çaraqsьz вolьp qalƣan edj. Cuk mũnь вjrden-aq вjle qoidь.

Cai jcjp, tamaqtanьp aldь da olar ũiqьƣa kjrjstj.

Jrgede keņ aƣac krovat tũrdь. Krovatqa matras ornьna qu çaprьraqtar tɵsegen.

Gektjņ jrge çaqqa da, ortaƣa da çatqьsь kelmeidj. Ot çaqqa çatqьsь keldj. Gek ças kynjnen-aq: „əldi, əldi qoi qalqa, ũiqtasaņ çatpa ot çaqqa", — degen ɵlendj esti tũrsa da, qacan da вolsa ot çaqqa çatatьn.

Eger de, onь ortaƣa çatqьzatьn вolsa, ol ũiqtap ketkennen keijn ɵzderjnjņ ystjndegj kɵrpenj tekpjlep tysjrjp tastaitьn, cьntaqtarьmen calƣьlap, Cuktj tjzesjmen jcke tyigjcteitjn.

Olar cecjnвesten ylken ton çamьlьp çatьp qaldь. Cuk jrgede, cecesj ortada, al Gek ot çaqta çattь.

At aidaucь camdь sɵndjrdj de pectjņ ystjne sьƣьp çattь. Bərj вjrden ũiqtap kettj, вjraq, ərine, qacan da вolsa Gektjņ tynde susьn jckjsj keletjn, ol oianьp kettj.

Ol ũiqьь-oiau, pimalarьn kidj, sto'dьņ çanьna вardь, cainektegj sudan çũttь da, tereze aldьndaƣь orьndьqqa вarьp otьrdь. Aidьņ çyzjn вũlt вyrkep tũrdь. Kjckentai terezeden kɵrjngen kɵmвe qarlardьņ tysj qara kɵk вolьp kɵrjndj.

Papamьz qancalьq çerge ũzap ketken, dep Gek taņьrqadь. Sonьmen вjrge ol, dəl osь aradan вũdan ərj qarai dyniede kɵp çer de qalmaƣan sьƣar dep oiladь.

Bjr mezgjlde Gektjņ qũlaƣь eleņ ete qaldь. Tereze sьrtьnan ьrsьl estjldj. Bũl tjptj tьrsьl da emes, əlde kjmnjņ tegeurjndj aiaƣьmen qardьņ sьqьrlaƣan dausь edj. Sьnьnda da solai. Endj ol, qaraņƣьda qattь kyrsjnjp te qoidь. Qaraņdap, kyiвeņdep çyr, Gek tereze aldьnan ɵtken вũl aiu eken dep oiladь.

— Aculь aiu! Saƣan ne kerek? Bjz alьs çol çyrjp papama kele çatьrmьz, al sen onь ecuaqьtta da kɵrmestei etjp вjzdj çegjņ keldj. Çũrt ɵzjņdj dəl tigjc mьltьqpen, ɵtkjr qьlьcpen soƣьp almai tũrьp aulaq ket!

Gek osьlaica oilap kyвjrledj, qorьqьnьcpen, taņьrqaumen, sьqsiƣan terezenjņ вozarьņqь tartqan əinegjne maņdaiьn nьqarlap tjrei otьrdь.

Bjraq, ũcpa вũlttardьņ ar çaƣьnan ai da çarq etjp cьƣa keldj. Qara-kɵk tartqan kɵmвe qar ylвjregen aqcьl səulemen çarqьrai tystj, sol uaqьtta Gektjņ kɵrgenj aiu emes, cecjljp ketjp, canaпь ainala çaiьlьp çyrgen at ekenjn вjldj.

Uiat-aq boldь: Gek krovatqa cьqtь da, tonьņ astьna kjrjp kettj, al əlgjnde ƣana çamancьlьq turalь oilaƣandьqtan da ol вjr tyrlj suьq tys kɵrdj.

> Gek kɵrdj вjr ƣaçaiьp suьq tystj,
> Aiвьь Turvorandai qorqьnьctь.
> Byrkedj sjlekeijn, ьstьq sudai
> Çũdьrьƣьn temjrdei вjlep sũstь.
> Ainala ɵrt! Cimailanƣan jz вenen qar
> Keledj saвьn tyzep kɵp soldattar
> Qolьnda alьs çoldan syirei cьqqan
> Facistjk qisьq tumeu kresj вar.

— Toqtaņdar! — dep Gek olarƣa aiqai saldь. Mũnda keluge вolmaidь.

Bjraq, olar Gektjņ sɵzjn tьņdamadь.

Aculь Gek, Cuktьņ kardonьnьņ jcjnde çatatьn, çez tũrвasьn ala-sala aiqai saldь, onьņ aiqaiьnьņ qattьlьƣь sonca, temjr вronopoiьzdьņ komandirj вasьn çũlьp aldь, ɵktemsjp qolьn вjr sermedj, sɵittj de aiвarlь aur atьs qũraldarьn вjrden dyrljktjre attь.

— Çaqsь! — dep maqtadь Gek. —Bjraq, taƣь da вjr ret atьņьzdarcь. Ɵitpeijnce вjr atu olarƣa çetkjljksjz soƣuь mymkjn.

Ekj çaƣьnan ekj вjrdei вalasь ьnьmsьz dɵņвekcjp, вũlqьna вergendjkten ana oianьp kettj.

Ol Cukke qarap çattь da yckjr вjrdemenjņ вyirjne вatьp вara çatqanьn sezdj. Ana sipalap çyrjp, kɵrpenjņ astьnan qaqpan prɵçinasьn tauьp aldь, pruçinanь çinaqь Cuk eckjmge kɵrseipei qoinьna alьp çatqan edj.

Ana pruçinanь krovattьņ artьna qarai laqtьrьp çjberdj, səulesj tysjp tũrƣan Gektjņ çyzjne qaradь da onьņ çaisьz tys kɵrjp çatqanьn sezdj.

Tys, əlвette, pruçina emes, onь laqtьrьp tastauƣa da вolmaidь. Bjraq, onь ьdьratьp çjвeruge boladь. Calqasьnan çatqan Gektj cecesj qьrьnan sal.ь da, teвep qoiьp, aqьrьn ƣana onьņ çьlь maņdaiьn yrledj.

Sodan keijn kɵp kecjkpei-aq Gek mũrьnьn tarttь da çьmiьp qoidь, вũl çaman tystjņ ьdьraƣandьqьnьņ вelgjsj edj.

Sol uaqьtta ana ornьnan tũrdь da pima kimesten colkiceņ terezege qarai keldj.

Əlj de вolsa taņ вelgj вere qoiƣan çoq edj, aspanda çũldьzdar da çьrьlap tũr. Keiвjr çũldьzdar tьm вijkte çarqьraidь, qaisь вjreulerj qaraиьtьp, Taigaƣa tɵnjp, tjptj tɵmendep ketken tərjzdj.

Ertenjne olar kynj вoiь ormandь qaq çara, tau aralarьndaƣь çolmen çyrjp otьrdь. Tepsenge kelgen uaqьtta at aidaucь canadan qarƣьp tyse qalьp, çaiau çyrjp otьrdь. Bjraq, onьņ esesjne, ьdiƣa kelgende

ʙananьꞑ zulaitьndьƣь sonca, tjptj Cuk pen Gekke, at canalarьmen ʙjrge aspannьꞑ dəl ɵzjnen çerge qarai zьmьrap kele çatqan siaqtь ʙolьp kɵrjnedj.

Aqьrьnda, — at aidaucь, kecke taman ʙьlai dedj:

— Mjne, keljp te qaldьq. Osьnan qūlai ʙerjsten ərj ʙūrьlamьz. Tɵmendegj çazьqta olardьꞑ ʙazasь ʙar. Ei! Kəne! Ese ʙer!

Cuk pen Gek kɵꞑjldj tyrde, dьʙьrlasьp, orьndarьnan ūcьp tyregeljstj, ʙjraq cana kjlt ьrcьp kettj de ekeuj ʙjrden cɵptjꞑ ystjne top ete qaldь.

Cecesj ʙasьndaƣь cəljsjn cecjp tastap, tek tyʙjt ʙeretkasьmen ƣana otьrdь.

Ainalmaƣa da keljp çettj. Cana çedel ʙūrьldь da zьmьrap otьrьp, ьqtau çerde qalqiьp tūrƣan kjckentai yc yige keljp ʙjr-aq toqtadь.

Ɵte taꞑqalarlьqtai ʙoldь. Olardьꞑ aldьnan it te yrjp cьqqan çoq, ʙjrde-ʙjr adam kɵrjnʙeidj. Pecterdjꞑ mūrçalarьnan tytjn de cьqpaidь. Soqpaqtardь qalьꞑ qar ʙasьp, ʙjteljp qalьptь, çapan daladaƣь moladai-aq tьm-tьrьs. Tek, ala qanat saubsqandar ƣana cьqьlьqtap aƣactan aƣacqa ūcьp-qonьp çyr.

— Sen ʙjzdj qaida alьp keldjꞑ? — dep sūradь ana at aidaucьdan, qorqьnьctь pjcjnmen. Bjzdjꞑ aitьlmьc çerjmjz osь ma edi?

— Qai çerge aparu çɵnjnde keljsken ʙolsaq, sol araƣa əkeldjm, — dep çauap ʙerdj at aidaucь. — Mьna tūrƣan yiler №3 geologialьq — zertteu ʙazasь dep ataladь. Əneki, ʙaƣanada çarnama da qaƣulь tūr... Oqьp kɵrjꞑjzcj, çoq, əlde sjzge №4 ʙazaƣa ʙaru kerek pe edj? Ol ʙaza on caqьrьm camasьnda, ʙūl aradan calƣai tūradь.

— Çoq, çoq, — dedj ana, çarnamaƣa qarai salьp. — Bjzge osь ʙaza kerek. Bjraq, ʙaiqaimьsьn, esjkterj qūlьptaulь, taʙaldьrqtarьn qar ʙasьp qalƣan, mūnьꞑ adamdarь qaida kettj eken?

— Bjlmeimjn, qaida ketkenjn, — dep at aidaucь da qairan qaldь. — Ɵtken çetjnjꞑ jcjnde, ʙjz mūnda: ūn, sarьmsaq, kartof siaqtь azьqtyljkter əkelgen edjk. Onda adamdarь tegjs osьnda ʙolatьn. Olar segjz adam, nacalnikpen toƣьz, kyzetcjmen on adam ʙolatьn. Būl qandai qam oilaucьlьq deseicj! Olardьꞑ ʙərjn ʙjrdei qasqьr çep kettj deimjsjn! Sjzder osьlai tūra-tūrьꞑьzdar, men kyzetcjnjꞑ yijne ʙarьp kele qoiaiьn.

Sɵitjp, at aidaucь ylken tonьn çūlьp tastap kɵmʙe qarlarƣa omʙьlap cetkergj yige qarai kettj.

Kɵp kecjkpei at aidaucь da qaitьp keldj.

— Yide tjrj çan çoq, ʙjraq, pecj çьp-çьlь, demek ʙūƣan qaraƣanda, kyzetcj aꞑƣa cьƣьp ketken ʙolsa kerek. Kecke çaqьn qaitьp keledj de, ʙarlьq çaƣdaidь aitьp ʙeredj ƣoi.

— Ol, maƣan ne aitadь deisjꞑ! — dep kyrsjndj ana. Būl aradaƣь adamnьꞑ ketkenjne kɵp uaqьt ʙolƣanьn ɵzjm de kɵrjp tūrmьn.

— Onьꞑ ne aitarьn ərine men ʙjlmeimjn ƣoi, — dedj at aidaucь. Al, əiteujr ʙjrdeme aituƣa tijs, ɵitkenj ol sol ycjn kyzetcj.

Olar ormanƣa qarai cьqqan çalƣьz aiaq soqpaqpen yidjꞑ ʙaspaldaƣьnьꞑ aldьna əreꞑ çyrjp keldj.

Çolaucьlar senekke kjrdj de, kyrek, sьpьrƣьc, ʙalta saldaulardьꞑ çana temjr jlgekke jlulj tūrƣan qatьp qalƣan aiu terjsjnjꞑ çanьmen ɵtjp yige kjrdj.

Olardьꞑ soꞑьnan at aidaucь canadaƣь nərselerdj alьp kele çattь. Yi çьlь eken.

At aidaucь attarьna çem ʙeruge kettj, al ana yreilene qorqqan ʙalalarьn yn-tyn çoq cecjndjrjp çattь.

— Əkeꞑe ʙaramьz, — dep osьncama çer çyrgenjmjzdj qaiteijn. Keldjk mjne, kerek ʙolsa?

Ana orьndьqqa otьrdь da oiƣa ʙattь. Ne ʙoldь eken, ʙazada ʙjrde ʙjr adamnьꞑ çoƣь qalai, endj ne jsteu kerek? Qaitьp ketu kerek pe? Bjraq, onda tek at aidaucьƣa ʙeretjndei-aq aqca qalƣan edj. At aidaucь endj yc saƣattan keijn qaitadь, al tjptj kyzetcj çuьq maꞑda qaitьp kelmes? Onda ne jsteu kerek? Onьꞑ ystjne eꞑ çaqьn degen telegraf pen stansia ʙūl aradan çyz kilometrdei çerde.

At aidaucь yige kjrdj. Yi jcjne ainala qarap qoidь, mūrnьn qaita-qaita tartьp pecke qarai çaqьndadь. Onьꞑ qaqpaƣьn actь.

— Kyzetcj kecke qaitьp keledj, — dedj ol. Pectjꞑ jcjnde sorpasь men qūmьrasь tūr. — Ol ūzaq çerge ketken çoq eken, əitkenmen ɵzjꞑjz ʙjljꞑjz, — dedj at aidaucь. Jstjꞑ çaƣdaiь osьlai ʙoldь, ʙjraq men toꞑ moiьn adam emen. Sjzdj keijn qarai stansiaƣa deijn aqьsьz-aq alьp ʙaramьn.

— Atamaꞑьz, — dedj ana çaratpai. — Stansiada ʙjzdjꞑ çūmьsьmьz çoq.

Taƣь da cainek qoidь, cūçьq çjʙjttj, jcjp, çep tamaqtanьp aldь, ceceleri nərselerjn çaiƣastьrьp çatqan uaqьtta Cuk pen Gek çьlь pectjꞑ ystjne cьƣьp kettj. Ol aradan qaiьꞑ sьpьrƣьctьꞑ, qūiqanьꞑ, qaraƣai çoꞑqalarьnьꞑ isj cьƣadь. Kɵꞑjlj alaꞑ ʙolƣan cecesj yndemei otьrƣandьqtan, Cuk pen Gek te yn cьƣarmastan otьrdь. Bjraq, ūzaq uaqьt ʙoiь ynemj yndemei otьra ʙere de almaisьꞑ, sondьqtan da, Cuk pen Gek jsterljk ec ʙjr js tappadь da, dereu uiьqtap kettj.

Ekj ʙala at aidaucьnьꞑ qaitьp ketkenjn, cecesjnjꞑ pectjꞑ ystjne cьƣьp, ɵzderjnjꞑ çanьna keljp çatqanьn sezʙei de qaldь. Sol ʙetterjnen yi jcj əʙden qaraꞑƣь tartqan mezgjlde ʙjr-aq oiandь. Olardьꞑ ʙərj de ʙjrden oiandь, ɵitkenj, ʙaspaldaqtan dyrsjl estjldj, sodan keijn senek jcjnde ʙjrdeme sьldьr ete qaldь — tərjzj kyrek qūlap ketse kerek. Esjk acьldь, qolьnda cьraƣdanь ʙar kyzetcj yige kjrdj, onьmen ʙjrge çyndes it te ere keldj.

Kyzetcj iьƣьndaƣь mьltьƣьn tysjrdj, atьp alƣan qoianьn orьndьqtьꞑ ystjne tastadь, sɵittj de cьraƣdanьn pectjꞑ ystjne qarai çoƣarь kɵterjp:

— Mūnda keljp qalƣan qandai qonaqsьꞑdar? — dep sūradь.

— Men geologia partiasьnьꞑ nacalnigj Sereginnjꞑ əieljmjn, — dedj ana pectjꞑ ystjnen sekjrjp tyse ʙerjp, al mьnau ekeuj sonьꞑ ʙalasь. Eger, kerek ʙolsa, dokumentterjn kɵrseteijn,

— Əne dokumentter, pectjꞑ ystjnde otьr, dep kyʙjlçjdj kuzetcj, sɵittj de cьraƣdannьꞑ səulesjn Cuk pen Gektjꞑ yrpijsken çyzjne tysjrdj. — Əkesjnen ainьsaicь, auzьnan tysken ʙe. Əsjrese, mьna mesqarьn ainьmai qalƣan eken — dep ol Cuktь sausaƣьmen tyrttj.

(Çalƣasь ʙar)

[library stamp]



# Çer nece çasta

Būl ɵzj ɵte qьzьq məsele. Djn kjtaptarь çerdjꞑ çaralƣanьna ne ʙarь çetj çarьm mьꞑ çьl ʙoldь dep çatpaqtaidь. Al, oqьmьstьlar çerdjꞑ çaralƣanьna çetj çarьm mьꞑ çьldan ana qūrьm kɵp, ɵte erte zamannan ʙerj çasap keledj dep, tolьq dəleldep ʙeredj.

Oqьmьstьlar ʙьlai dep dəleldeidj: Oka ɵzenjnjꞑ çaƣasьnda ədemj — ʙijk çar ʙar. Geologtar mūndai çerdj ɵte çaqsь kɵredj, ʙūl ərine ʙərjmjzge de tysjnjktj. Būl çerdjꞑ tereꞑdjk qaʙattarь kɵrjnjp tūradь, al geologtar onь zertteidj. Onьꞑ seʙeʙj olar çerdjꞑ tarixьn, çasьn ʙjluge tьrьsadь. Çerdjꞑ necede ekenjn ʙjlu ycjn onьꞑ qьrtьstarьn qazadь da, erte zamandaƣь ɵsjmdjkter men xaiuandardьꞑ syiekterjnjꞑ ʙjrjgjp „tasqa“ ainalƣan qaʙattarьn çinap—sonь zertteidj.

Bogoliuʙov degen geolog Likvina qalasьnьꞑ maꞑaiьndaƣь Oka ɵzenjnjꞑ çaƣasьndaƣь ʙijk çardь zertteidj. Osь çardan oƣan ɵte ʙjr qьzьqtь qьrtьs kezdesedj. Ol çar kɵne zamandaƣь ylken kɵldjꞑ ornь eken. Kɵl ʙaiaqьda qūrьp sualƣan da, tek qьrtьsь qalƣan. Odan qap-qara çaldar kɵrjnedj. Çaldьꞑ kɵptjgj sonca, ʙjr metr çerden ekj mьꞑ qaʙat qьrtьs cьqqan.

Bogoliuʙov qara qьrtьstardь teksergende, olar əʙden cjrjp çerdjꞑ qьrtьsьna ainalƣan aƣactьꞑ cjrjgen çapraqtarь ʙolьp cьqqan. Onьꞑ ɵzj ʙjr zamanda kɵldjꞑ ainalasьnda ɵsken qalьꞑ aƣac eken. Kyzdj kynder aƣactьꞑ çapraƣь qurap tysjp, cjrjp, çerdjꞑ çūqa qara qьrtьsьna ainalƣan.

Bjr çьldьꞑ jcjnde kyz ʙjr-aq ret ʙoladь ƣoi. Geologtar osь tūrƣьdan qaraidь da kɵldjꞑ ʙjr metr qьrtьsь ʙolu ycjn kemjnde ekj mьꞑ çьl kerek dep esepteidj. Barlьq qьrtьstardьꞑ qara çaldarьnьꞑ qaiьꞑdьƣь ʙes metr ʙolsa, onьꞑ on mьꞑdaƣan çьldardan ʙerj çasap kele çatqanь aiqьn.

Çerdjꞑ qaʙattarьnьꞑ qalьꞑdьƣь ne ʙarь ʙes-aq metr dep aituƣa ʙolmaidь. Būl çerdjꞑ kjckentai ƣana qьrtьsьnьꞑ qalьꞑdьƣь ʙolьp otьr.

Sonьmen çerdjꞑ qalьꞑdьq qьrtьstarь qanca? Bjz, əzjrge onьꞑ qalьꞑdьƣь qanca ekenjn ʙjlmeimjz. Çerge ʙūrƣь salьp qazƣanda ne ʙarь 3-aq kilometr camasьnda ƣana qazdьq. Oqьmьstьlardьꞑ eseʙj ʙoiьnca çerdjꞑ ortasьndaƣь çьlьƣa deijn 50 kilometrdei qazu kerek. Al, çerdjꞑ qalьꞑdьƣь 60 kilometr ʙolsa kerek.

Çer qьrtьstarь nece tyrlj kenderden qūralƣan. Onda granit ta, jzves te, qūm da, saz da ʙar. Olar tyrlj kenderden qūralьp ɵzgerjp otьradь. Geologtar çerdjꞑ qьrtьstarьn zerttegende ərʙjr qaʙattarь qanca uaqьtta ɵzgergenjn çaqsь ʙjledj. Marqūm akademik geolog A. P. Pavlov kɵne zamandaƣь çerdjꞑ eskjljgjne qarap çerdjꞑ çasьn eseptep cьƣarmaqcь ʙoldь. Çerdjꞑ osь kyngj qūrьlьsь alƣasьnda-aq qataia salmaƣan, çer ʙetjne ɵsjmdjk ɵsjp, çanuarlar cьqqanƣa ceijn qancama çьldar ɵtken. Kɵne zamandaƣь xaiuandardьꞑ çer ʙetjne cьƣa ʙastaƣanьn Pavlov eseptep, ɵtken deujrlerdj ycke ʙɵledj: çerdjꞑ eꞑ alƣacqь çasai ʙastaƣanьna 700 million çьlƣa ceijn sozьlƣan. Orta caƣь 500 million camasьndai—ʙūl qataia ʙastaƣan kezj. Soꞑƣь çaꞑa caƣьna 41 milliondai çьl ʙolƣan. Egerde, osь sifrlardь ʙjrjne-ʙjrjn qosqanda ʙjr milliard 241 million çьl ʙoladь. Al, akademik Pavlov eꞑ kɵne zamandь, iaki alƣacqь eranь ʙūƣan qospaƣan.

Oqьmьstьlar, geologtar çerdjꞑ qanca çasqa kelgendjgjn anьqtau ycjn ʙasqaca da çoldardь jzdedj. Olar çaratьlьstan saƣat siaqtь ʙjr zat tauьp, mymkjn sol arqьlь çerdjꞑ çasьn cьƣaruƣa ʙolar dep oiladь.



Olar ondai saƣattь tauьp ta aldь.

Uran deitjn ken ʙar. Onьꞑ jcjnde sirek kezdesetjn radi degen metall ʙar. Ol oꞑaicьlьqpen taʙьlmaidь. Bykjl dynie çyzjnde osь uaqьtqa deijn ne ʙarь 300 gramma ƣana radi ɵndjrjljp alьndь. Radidьꞑ sirek taʙьlatьndьƣь soncalьq, ʙjr vagon kennen alaqanƣa salƣanda kɵzge jljner-jljnʙes ƣana radi cьƣadь. Mine, sondьqtan da radi ɵte qьmʙatqa tysedj.

Radidьꞑ ʙasqa metalldardan airьqca qasietj ʙar. Radidьꞑ tyrlj səulesj ʙar. Radi səulesj qandai zat ʙolmasьn ʙərjnen de ɵtjp ketedj. Eger, auzь çaʙьlƣan kyməçnektjꞑ (kacelɵk) jcjnde kymjs aqca ʙolatьn ʙolsa, oƣan radi səulesjn tysjrjp, suretke tysjretjn ʙolsaq, onьꞑ jcjndegj metall aqcalardь kɵruge ʙoladь. Taiauda radidьꞑ səulesjmen aurulardьꞑ jcjndegj eꞑ qauьptь auru—cemen ʙolƣan adamdь emdei ʙastadь.

Osь keremettj metall geologtarƣa kɵmektese ʙastadь. Ne qūrlьm uaqьt ɵtken saiьn radi qorƣasьnƣa nemese geli—deitjn gazƣa ainala ʙastaitьnьn qьlьmpazdar anьqtadь. Ərine, ol qorƣasьnƣa ne gelige az çьldardьꞑ jcjnde ainalmaidь, ol ycjn ʙjrnece mьꞑ çьldar kerek. Eger, radi nece çьldьꞑ jcjnde qorƣasьnƣa ainalatьnьn dəl ʙjletjn ʙolsaq, ʙjz çerdjꞑ çaralƣanьna qanca çьl ʙolƣanьn anьqtaitьndьƣьmьz dausьz. Sɵitjp, qьlьmpazdar „urandьq nemese radilьq saƣat“ arqьlь çerdjꞑ çaralƣanьna qanca çьl ʙolƣanьn tolьq anьƣьn ʙjletjn ʙoldь. Olar kəzjrde myltjksjz-aq, çerdjꞑ çaralƣanьna ekj milliard çьldьꞑ camasь ʙoldь,—deidj. Bjraq, çer ʙūdan da gɵrj kɵrj ʙoluь mymkjn. Ərine, ʙjz endj az uaqьttьꞑ jcjnde-aq çerdjꞑ qanca çasqa kelgenjn tolьq aiьra alamьz.

Qalmaqan

# Çalqau turaly əngjme

Bjr kolxozda qūlaqъ tebjngjdei, basъ astaudai, tūmsъqъ qocqardai çalqau bolъptъ. Өz çūmьsъ degende qu bolъptъ. Kolxoz çūmьsъna „tysjnbeitjn aŋqau“ bolъptъ, yrkek attai çaltaŋ bolъptъ, araqqa tъm qorqau bolъptъ, tegjn tamaqqa çemsau bolъptъ. Onъŋ bjr qaçap ədetj — çūmъs bastalatьn aprelden çūmъs azaiatьn dekabrge deijn „sъrqattanъp djmkər“ bolъptъ. Bazar dese deŋj sau bolъptъ. Talkockede sazandai sъzъp çarqъldap çyrjptj.

Al, oilamaqan çerden basqarmama, brigadirme kezdesjp qalsa, ъŋq-ъŋq-ъŋq... dep, ъŋqъldap çyrjptj. — Aiaq astъnan sъrqau bolъptъ. Çūmъs degende çauatьn būlttai qabaqъ tyjljptj. „Byirekten siraq cъqarъp“ əiteujr bjreudjŋ betjnen alъp cala byljnjptj. Arbadan cъqqan būqadai keçjr-qъrsau bolъptъ. Kөpcjljk onъ sъnap, mjnep çatsa qūlaqъ estjmeitjn kereŋ, tjlj çoq, mъlqau bolъptъ.

Onъŋ bjr atъ, tөrt balasъ, erjnbeitjn qatъnъ bolъptъ. Ekj balasъ ças bolъptъ, ekj balasъ oqъp çyrjptj. Qatъnъ kolxoz çūmъsъn qattъ syijptj, ekj balasъ çazqъ dem alъsъnda cecesjne kөmektesjp, yc çyz çiъrmabes eŋbek kyn tauъptъ. Otъz būt bidaiъn çalqau əkesj tarttъrъp əkelemjn dep, bazarqa aparъp satъp çjberjptj.

Kolxoz bergen elu sotъx çerj bolъptъ. Qar erjp kөktem cъqъpty. Yi jcj bolъp bas qosъp, ne egemjz, — dep keŋes qūrъptъ.

Əielj:

— Kartocke, qauъn egeijk — deptj.

Balalarъ:

— Dūrъs apa, ainalasъna gyl egeijk — deptj.

Al, çalqau qar çauatъn būlttai qabaqъn tyijp:

— Bъlcъlda qūdaidъŋ ūrъp ketkenderj, bъlcъlda! Onъŋ neme keregj... deptj. — Būl çerdjŋ biljgjn maqan ber, өzderjŋ kolxozdarъŋ men bola ber... Basqarmanъ kөrsem aurъp çyrjp, bazar-ocarqa çazъlъp çyrjp: būl çerge apiъn egem.

— Onъŋ ne keregj bar əke?! — deptj balasъ.

— Cecene tarttъŋ-au balam! „Onъŋ ne keregj bar“ deisjn. Oqan qūn çeteme... qūdai berse satadъ əken. Çarъlqap, өsjp berse, on kilo apiъn alsam, əkeŋnjŋ çūmъsъ bjttj balam! Ər kilosъ ekj çyz elu som... Yc çъl boldъ oqъdъm deisjŋ, apiъnnъŋ baqasъn bjlmeisjn. Ai, balam-balam-balam...

„Qъrq kjsj bjr çaq, qъŋъr kjsj bjr çaq“. Çalqau boi bermeptj, yi jcj oqan kөnbeptj. Yi jcjmen ūrsъsъp-ūrsъsъp, qaŋqъrъp bazarqa ketjptj.

Bjr nece kynnen keijn, azъp-tozъp yijne əzer çetjptj.

Tөrt balasъ əkesjne aqъl berjp, qūlaqъna sjŋjrjptj. Əkesj çalqaulъqtъ tastap, eŋbek etjptj — deidj.



Кнв. № 188679-38
Вил. ...